



Халықтар арасындағы келісім мен достықтың алтын тамыры қазақтарға тән асыл қасиеттерде жатыр.

Нұрсұлтан Назарбаев

В январе-феврале 2012 года группа студентов (9 человек), а также представители вуза (руководитель службы международного сотрудничества и академической мобильности М.Б.Барадосова и проректор по учебно-методической работе Г.К.Жусупкалиева) в рамках академической мобильности выехали в вузы г.Быдгощ (Польша) и г.Магдебург (Германия). Студенты были приняты на семестровое обучение в институт культуры и туризма г.Быдгощ (Польша).

Подготовку учителей – на европейский уровень



По возвращении, 16 февраля, по итогам поездки преподаватели провели пресс-конференцию «Подготовка педагогических специальностей в ЗКГУ им.М.Утемисова на

основе европейских стандартов». И как было отмечено, Магдебург является официальным городом-побратимом Уральска, руководства двух городов ранее подписали договоры о

взаимном сотрудничестве, в том числе и в области образования.

Преподаватели имели возможность изучать практику подготовки европейских учителей в вузах Польши и Германии и приняли участие в международном семинаре «Вопросы и ответы по Болонскому процессу», организованном институтом культуры и туризма (г.Быдгощ, Польша). Г.К.Жусупкалиева выступила с докладом «Болонский процесс и Казахстанская система образования», М.Б.Барадосова сделала сообщение об академической мобильности в ЗКГУ им. М.Утемисова. Им были вручены сертификаты участия.

По итогам встреч с вузами-партнерами были согласованы и утверждены совместные образовательные программы по следующим специальностям: «Физика» с университетом им. Казимира Великого (г.Быдгощ, Польша), «Математика» с университетом им. Отто фон Герике (г.Магдебург, Германия), «Физическая культура и спорт» с университетом экономики (г.Быдгощ, Польша).

Достигнуто соглашение на дальнейшую разработку совместных образовательных программ по специальностям: «География», «Информатика» и «Профессиональное образование».

Результатом пребывания наших преподавателей в зарубежных вузах стало полученное

соглашение на двудипломное и постдипломное образование.

Многообразие моделей педагогического образования в Европе предполагает широкий спектр адаптации этого образования к трехступенчатой системе (бакалавр - магистр - доктор) Болонского процесса. В этом вопросе огромное значение имеет достигнутая университетом договоренность о сотрудничестве по подготовке будущих учителей на всех ступенях образования и признании наших квалификаций и академических степеней в европейском пространстве.

Передовой опыт построения образовательных программ в вузах Германии и Польши был использован в совместно разработанных образовательных программах обучения студентов педагогических специальностей ЗКГУ им.М.Утемисова.

Понимая, что каждый преподаватель педагогического вуза с учетом своей специальности и занимаемой должности обязан четко представлять механизм реализации европейской модели учителя, ректорат ЗКГУ им.М.Утемисова согласовал с вузами-партнерами выезд на летний семестр этого учебного года 10-ти преподавателей и 20-ти студентов педагогических специальностей. В программе данной поездки запланировано изучение отдельных курсов, прохождение учебной практики в лабораториях вузов Польши и тур по пяти европейским странам (Германия, Франция, Бельгия, Люксембург, Нидерланды) с посещением в каждой стране одного высшего учебного заведения.

Таким образом, задачи, поставленные перед системой высшего образования нашим государством, поручения Министерства образования и науки стали предпосылкой плодотворной работы с зарубежными вузами-партнерами.

Марта Джумагалиева

Жақында елімізге танымал ірі компаниялардың бірі - КПО б.в. компаниясының өкілдері университетіміздің ректоры, академик Иманғалиев Асхат Сәлімұлымен кездесті.

КПО б.в. компаниясы өкілдерімен кездесу



Аталмыш компанияның қызметкерлерді басқару менеджері Антонио Маглио және кадр бөлімінің бас маманы Шолпан Игизова кездесу барысында компания туралы ақпарат беру үшін арнайы мамандардың студенттерге дәріс жүргізу керектігі, олардың сараманнан өтуі жайында әңгімеледі. Университеттің оқуда үздік студенттері үшін танысу экскурсиясын ұйымдастыру туралы келісім жасалып, кездесу соңында ректор қонақтарға өз қолымен сыйлықтар мен алғыс хаттар табыс етті.

Одан кейін келген меймандар оқу орнының оқу-әдістемелік жұмысы жөніндегі проректоры Ғ.Х.Жүсіпқалиевамен пікірлесе отырып,

академиялық ұтқырлық туралы, оқытушыларды шетелге біліктілігін арттыруға жіберуге жәрдемдесу керектігі жөнінде сөз етті.

Қонақтар университетіміздің тарихы туралы мұражайды аралап мағлұмат алып, кітапханамыздағы оқулық қорымен танысты. Сонымен қатар химиялық зертхананы аралап, ондағы жаңа құрылғылардың тәжірибе сабағында студенттер үшін маңыздылығы жайында атап өтті. Химия мамандығы студенттеріне алдағы күнде компанияда сараманнан өтуге келісім жасалды.

Нұрдаулет ХАБАДАШЕВ,
сараман, мансап және маркетинг
бөлімінің жетекшісі

Шамыржан көктемнің күн шуағындай жылылығы мен нұр сәулесіндегі мейірімділігі, өз өмірі мен бар байлығын адамзат баласынан аямайтын аяулы аналар, қымбатты әйелдер, көрікті қыз-келіншектер!

Сіздерді көктемнің күн шуағымен бірге келетін **8 наурыз** — халықаралық әйелдер күні мерекесімен шын жүректен құттықтаймын.

Халқымыз қашан да нәзік жанды әйелдерді қастерлеп, шаңырақтың ұйытқысы, ырыс-ынтымақтың алтын діңгегі деп балаған. Өйткені, әйелдер ең алдымен — үйдің киесі, бар жылуын бала тәрбиесіне бағыттаған, отбасылық құндылықтардың сақшысы, ұлттық мәдениетіміздің тірегі болып келеді.

Бүгінде әйелдер өз ошағымыздың ұйытқысы болып қана қоймай, қоғамымыздың барлық салаарында қандай қызмет атқарса да, аналық міндетін айшықтай жүріп, үлкен жауапкершілік пен сенімділіктің, жоғарғы кәсібиліктің үлгі-өнегесін көрсетіп, уақыт көшінен қалмай, болашаққа деген зор сенімнің жаршысы болып отыр.

Ана қуанышы, әйел қуанышы - әр үйдің, отбасының, Отанның мерейі.

Сіздер бір отбасын емес, бүкіл әлемді аялы алақандарыңызбен тербете алатын, адамзат баласының ары, рухы, жігерісіздер. Тәуелсіз Қазақстанымыздағы бейбіт тірлік пен бірліктің, жарқын болашаққа деген сенімнің, ізгілік пен мейірімділіктің меккесі де өздеріңіз.

Қымбатты аналар, аяулы апа-қарындасар!

Төл мерекелеріңізбен тағы бір мәрте құттықтай отырып, дендеріңізге саулық, шаңырақтарыңызға шаттық, ырыс-құт тілеймін. Әр шаңырақтың ырысы ортай-масын. Ер азаматтардың сыйластығы мен құрметіне бөлене беріңіздер.

Көктем мерекесі көңілдеріңізге қуаныш сыйлап, жүздеріңізге нұр шашсын.

Ізгі тілекпен,

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің ректоры, академик,
Батыс Қазақстан облысы мәслихатының депутаты **Асхат Иманғалиев**



Жаңғырту Жолдауы талқыланды

М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінде Қазақстан Республикасы Президентінің «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында көрсетілген маңызды мәселелерге талдау жасау бағытында ҚР Парламенті мәжілісінің депутаттары Камал Бұрханов, Аманжан Рысқалиев және «Нұр Отан» ХДП фракциясының активтері университет ұжымымен кездесті.



М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінде Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауына арналған кездесуге БҚМУ-дың профессор-оқытушылар құрамы, студенттер, БАҚ және ҰЕҰ өкілдері қатысты.

Елбасы Жолдауының мақсаты – барлық саланы түбегейлі жетілдіру арқылы еліміздің әлеуметтік жағдайын көтеріп, әр қазақстандықтың тұрмысын жақсартуға қол жеткізу. Елбасы «Біз оған жетудің жолдарын жақсы білеміз, ол үшін қажетті ресурстар бүгін мемлекетте жеткілікті», деген болатын.

Демек Жолдауда айқындалған тапсырмалардың орындауы үшін Үкімет, атқарушы биліктің барлық тармақтары, заң шығарушы орган – Парламент және еліміздің әр азаматы бар ынтықпен жұмыла жұмыс істеп, атсалысуы қажет.

Елбасының биылғы Жолдауында мемлекеттің әлеуметтік модернизация жолындағы ауқымды жұмыстарға кіріскені айтылады. Мұнда жұмыспен қамту, баспана, білім беру саласы, денсаулық сақтау, индустриалдық-инновациялық жобалар, зейнетақы жүйесін жетілдіру, жастар мәселесі қарастырылған. Президенттік кадрлық корпус құру міндеті жүктелсе, бұл – әлеумет саласындағы модернизациялық шаралардың ірі кешені.

Кездесу барысында ҚР Парламенті мәжілісінің депутаты Камал Бұрханов Президент Жолдауында көрсетілген мәселелерге нақты он бағыт бойынша тоқталды. Камал Низамұлы жұмыспен қамту бағдарламасының бірінші бағыты кәсіптік-техникалық білім беру мекемелеріне тікелей байланысты екенін атап өтіп, бүгінгі таңда біздің қоғамға жоғары білімді мамандардан гөрі, арнаулы орта білімі бар мамандардың қажеттілігі көбірек, сондықтан заңгер, экономист, халықаралық қатынастар мамандығы бойынша дипломға ие болған, бірақ

жұмыс таба алмай жүргендер аз емес. Депутат сөзінде халықаралық қатынастар мамандығы бойынша бітірген студенттердің, жұмыс таба алмай жүргендер санының көп екендігін тілге тиек етті.

Елбасы биылғы Жолдауында Қазақстанның 2012 жылды жаңа экономикалық жетістіктермен, жаңарған саяси құрылыммен қарсы алуда екендігін атап өтті. Еліміздің Конституциясы мен сайлау заңына және өткен сайлау науқаны, осыған дейін енгізілген өзгерістер, Парламент пен саяси партиялардың және азаматтық қоғам институттарының рөлін арттыра түскендігін басып көрсетуіміз қажет.

Кездесуге қатысушылар Жолдауда көрсетілген саяси бағыттарға тоқталды. Күні бүгінге дейін Қазақстан барлық қиындықтарды өркениетті жолмен шешіп келгендігі турасында айтып, алдағы уақытта да осы үрдістің жалғасатынын нақтылады.

Парламент мәжілісінің депутаты Аманжан Рысқалиев болса, Елбасы Жолдауындағы шағын қалаларды дамыту саласындағы мәселелерге тоқталып, батыс аймағындағы туризмді дамыту барысында ой тастады. Депутат батыс өңірінің туристтік аймаққа айналуға толықтай мүмкіндігі бар екендігін, мәдени, тарихи ескерткіш, жәдігерлерге толы қалалардың сан мыңдаған туристерді тартуға зор мүмкіндігі бар екендігін ерекше атап өтті.

Кеш соңында сөз алған университет ректоры Асхат Сәлімұлы Елбасының биылғы Жолдауы оқу-ағарту саласы қызметкерлерінің алдында да ауқымды, маңызы ерекше міндеттер жүктейтінін, Елбасы Жолдауында жас ғалымдарға қолдау жасау, оларды баспанамен қамту мәселесіне көңіл бөлінетіндігіне тоқталып өтті.

– Жолдауда отандық ғылымды дамыту, отандық ғалымдарға қолдау жасау қажеттігі де баса айтылды. Осы орайда биылғы жылы 80 жылдық мерейтойы аталғалы отырған білім ордасында мемлекетімізге қажетті сапалы педагог кадрларын даярлау ісінде аталған салаларға қатысты кешенді ғылыми және тәрбие жұмыстары қолға алынып, жүргізілуде. Енді бұл бағыттағы істерге ерекше қарқын берілетін болады.

Жолдауда Елбасы алға қойып отырған міндеттерді жүзеге асыру оқу-ағарту жүйесіндегі ғылым, білім мен тәрбие сапасының өркендетілуіне дамыған елдер дәрежесіне дейін көтерілуіне тікелей ықпал ететін болады. Өйткені білім сапасы ілгерілесіне ғана, іргелі елге айналарымыз анық, – деп университет басшысы өз ойын қорытты.

Кездесу барысында тыңдаушылар тарапынан сұрақтар қойылып, кеш соңында Елбасы Жолдауы – Қазақстан дамуының көпелі сынды тақырыптарда талқыланған мәселелер бойынша қорытынды жасалды.

Рүта СҰЛТАНҒАЛИЕВА,

М. Өтемісов атындағы БҚМУ-дың баспасөз хатшысы

ІЗ ҚАЛДЫРҒАН АРТЫНА ӨШПЕЙТҰҒЫН...

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінде филология факультетінің ұйымдастыруымен филология ғылымдарының кандидаты, доцент Ғабдырахим Әбухановтың туғанына 100 жыл толуына орай еске алу кеші өтті.

Жиынға жоғары оқу орнының профессор-оқытушылар қауымы мен студенттері, еңбек ардагерлері, ғалымның ұрпақтары мен шәкірттері және БАҚ өкілдері қатысты. Университет ректоры А.С.Иманғалиев Ғ.Әбухановтың өрелі өнегесі мен рухани мұрасы туралы сөз етсе, қазақ филологиясы кафедрасының меңгерушісі А.Мамыров ғалымның жасампаз өмірі мен халық үшін жасаған қызметі жайында баян етті. БҚМУ ардагерлері Б.Жұмағалиев, Ш.Жұмағазиева, М.Жолдықайырова, Р.Л.Кужековалар талай жыл өріптес болған Ғабдырахим ағаның сан алуан адами қасиеттері туралы сыр шертіп, оның ерен еңбектері жайында естеліктер айтты. Сөз алған ардагерлер ғалымның туған жеріндегі білім алған мектебіне және қаламыздың бір көшесіне ғалым есімін беруге университет басшылығына ұсыныстарын білдірді. Университет ректоры бұл ұсынысты қабыл алып, қаламыздағы ғалым тұрған үйге тақтайша орнатылатындығын жеткізді.

Қазіргі университет қабырғасында дәріс беріп жүрген тіл мамандары да ғалымның ғылыми еңбектерінің әлі күнге бағасын жоймағандығын, бұл оқулықты қайта бастырып шығару қажеттігін тілге тиек етті.

Ғалымның ұрпағы атынан қызы, шет тілдерін оқытудың теориясы мен практикасы кафедрасының меңгерушісі Әбуханова Алма Ғабдырахимқызы әкесінің аялы алақанында тәлім алып, үлкен өмірге жолдама алғанын атап өтіп, университет ұжымы болып әкесінің құрметіне еске алу кешін ұйымдастырып жатқандығына ризашылығын білдірді.



Ғабдырахим Әбуханов 1912 жылы Жәнібек ауданы Ұзынкөл ауылында дүниеге келген. 1939 жылы Орал пединститутының қазақ тіл мамандығын бітірген. 1946-1949 жылдары ҚазМУ-дың аспирантурасын тәмамдап, 1950 жылы филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алады. Бірнеше жауапты қызметтер атқара жүріп, ел игілігі жолындағы еңбегі еленіп, «Құрмет белгісі» орденімен, «Жоғары мектептің еңбек сіңірген қызметкері» құрмет белгісімен, «1941-1945жж. Ұлы Отан соғысы жылдарындағы мінсіз еңбегі үшін», «Еңбек ардагері» медальдарымен марапатталған.

Үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетіп, асқан көрегенділік пен даналықты, білім мен парасаттылықты бойына тоғыстырған кісілік келбеті, ғалым есімі халық жадында мәңгі жатталып қалмақ десті, – кешке жиналғандар.

Шара соңында ғалымның қыздары мен немере-жиендеріне естелік кітаптар мен гүл шоқтары табыс етілді.

Өз тілшіміз

ЖАҢА ТАҒАЙЫНДАУЛАР



10.02.2012ж. №21-НС Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрі Б.Жұмағұловтың бұйрығымен:

Ғалия Қайдарқызы Жүсіпқалиева Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі «Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының оқу-әдістемелік жұмысы жөніндегі проректоры болып тағайындалды.

Ғалия Қайдарқызы Жүсіпқалиева ақпараттық және білім беру технологиялары орталығының директоры лауазымынан босатылды.



10.02.2012ж. ОӘЖ жөніндегі проректор Ғ. Қ. Жүсіпқалиеваның қызметтік жазбасына сәйкес университет ректоры А.С.Иманғалиевтің бұйрығымен:

Деурен Ғарипұлы Ғабдоллаев М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің ақпараттық және білім беру технологиялары орталығының директоры қызметіне тағайындалды және осы орталық директорының орынбасары қызметі қысқартылды.

Әлһәмдүлілһі

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың 2012 жылғы Қазақстан халқына арнаған Жолдауын университет факультеттерінде ақпараттық-насихаттаушы топтары құрылып, студенттерге кеңінен таныстыру мақсатында жұмыс жоспарына сәйкес әр факультетте талқылау жұмыстары жүргізілді.

Білім ордасының 1 млн. асатын кітапхана қоры жаңа кітаптармен толықты. Өткен жылда 8 500 дана кітап түскен болса, биыл бұл көрсеткіш артып отыр. Оқытушылар мен студенттер сұранысына сәйкес жаңа кітаптармен енді ізденушілерге мол мүмкіндік беріліп отыр. Ол оқулықтардың қатарында университет оқытушыларының да еңбектері бар.

Білім ордасының 80 жылдық мерекесіне орай Орал қаласының білім беру басқармасының ұйымдастыруымен университетіміздің оқытушыларымен бірлескен қалалық жалпы білім беретін мектеп оқушыларының арасында қалалық олимпиада өтуде. Бұл білім сынағын ұйымдастырып өткізу арқылы университет оқытушылары мен мектеп мұғалімдері арасында тығыз байланыс орнап, тәжірибе алмасуға мүмкіндігі болары сөзсіз. Ақпан айының екінші жартысында қазақ, орыс және ағылшын тілдері, математика, химия, дене тәрбиесі мамандықтарына арналған олимпиада болып өтті. Алдағы күнде тарих, география, биология және басқа да пәндерден олимпиада өтпекші.

ҚР Президентінің 2012 жылғы «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» Жолдауын насихаттау бағытында университет ғылыми кітапханасы кітап көрмесін ұйымдастырды. Көрмеге еліміздің әлемдік деңгейдегі саясатын, ел экономикасы дамуының негізгі бағыттарын көрсететін мемлекетіміздің ресми құжаттары, кітаптар мен газет-журнал мақалалары қойылды. «Жолдаудың жарқын бағыты», «Ұлт көшбасшысы – Н.Ә. Назарбаев», «Әлемдік білім беру жүйесі», «БҚМУ әлемдік білім беру деңгейінде» атты арнайы тақырыптармен ерекшеленген көрмеде Елбасымыздың сарабал саясатындағы нақты мақсаттары көрсетілді.

«БҚО Жастар қауымдастығы» заңды тұлғалар бірлестігінің ұйымдастыруымен М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің №3 оқу ғимаратында «Бірлік.кз» облыстық жастар форумы өткізілді. Форум жұмысына БҚО ішкі саясат басқармасы өкілдері, БҚО Қазақстан Халқы ассамблеясының, БҚО Дін істері департаментінің мамандары, жоғары және арнаулы оқу орындары студенттері қатысты.

Форум барысында қатысушы жастар тарапынан елімізде белең алып тұрған дін мәселесіне қатысты әлі де ақпараттық үгіт-насихат жұмыстарының жетіспейтіндігі, білікті мамандар мен мешіт имамдарының, дінтану пәні мұғалімдерінің діни сауаттылығын арттыру, олардың оқу орындарында оқушы, студент жастармен кездесу жұмыстарын жиі жүргізілуін ұйымдастыру, түрлі сайттар арқылы көрші облыс жастарымен пікір алмасып, бірлесіп қызмет атқарып, тәжірибе алмасуға бағытталған шаралар ұйымдастыру қажеттігі айтылды.

50 жылдық тарихы бар Х.Есенжанов атындағы облыстық балалар және жасөспірімдер кітапханасында тұрақты оқырмандары, әрі шығармашылық студент жастардың мүшелігімен құрылған «Хамза қырандары» атты рухани зияткерлік жастар бірлестігінің жетекшілігімен бүкіләлемдік өрнек – интернетке байланысты «Ғаламтордың ғаламаты мен кесепаты» тақырыбында дөңгелек үстел болып өтті.

Шараға М. Өтемісов атындағы БҚМУ-дың информатика кафедрасының оқытушысы Елдос Набиболлаулы және университет түлектері, кітапханатану және библиография мамандығының оқытушысы Сәнді Мұратқызы, ақпараттық жүйелер мамандығының 1-курс студенттері, топ кураторы Ақмарал Аманғалиқызы қатысты.

Жиында интернеттің қоғамға пайдасы мен зияны және сіз бен біз оны елеп ескеріп жүрміз бе? Қандай шаралар арқылы өз ана тіліміздегі дүниелерді көбейте аламыз? Сол қателіктермен қалай жүресіміз? Жастардың тілдік деңгейін қалай дамытуға болады? – деген сауалға жастардың өзіндік ойлары тыңдалып, пікір алмасты.

Науку - в жизнь

11 февраля 2012 года Комитет науки Министерства образования и науки Республики Казахстан объявила результаты конкурса на грантовое финансирование научно-технических программ и проектов на 2012-2014 годы согласно решениям Национальных научных советов.

В данном конкурсе по приоритетному направлению «Глубокая переработка сырья и продукции» участвовало 298 научно-исследовательских проектов, и одна из работ была заявлена Западно-Казахстанским государственным университетом им. М. Утемисова. Научно-исследовательский проект «Исследование электрохимических реакций на d-элементах (титан, молибден, вольфрам), разработка на их основе индикаторных электродов и использование их в эколого-аналитическом контроле» (научный руководитель доктор химических наук, профессор Д.К. Мендалиева) был одобрен Национальным научным советом, и работа будет финансироваться за счет средств государственного бюджета.



9 февраля в ЗКГУ им. М.Утемисова прошла встреча с ведущими учеными Казахстана, доктором физико-математических наук, профессором Евразийского Национального университета им. Л.Н.Гумилева Н.Т.Темиргалиевым и доктором физико-математических наук, профессором, директором департамента внешних связей НДП «НурОтан» С.К.Сахиевым.

МАТЕМАТИКА ДЛЯ ПЕРВОКЛАССНИКА, БОЛЬШОЙ АДРОННЫЙ КОЛЛАЙДЕР И МНОГОЕ ДРУГОЕ

Ученые находились в Уральске с рабочим визитом и не могли не посетить старейший в стране вуз. Несмотря на плотный график, приглашение руководства ЗКГУ было с удовольствием принято.

В Послании Президента указывается на необходимость развития науки и образования, для чего нужно устанавливать связи между научными центрами республики, а также добиваться доступности образования для студентов и магистрантов. Об этом и многом другом говорилось на встрече.

Послушать лекции известных ученых пришли студенты, магистранты, преподаватели кафедры физики и математики.

Нурлан Темиргалиевич Темиргалиев, как оказалось, родился в нашей области. Для аульского мальчика город Уральск был все равно что праздник, ведь здесь были сладости, качели-карусели. Даже став известным, и не только в нашей стране, математиком, Уральск занимает в сердце ученого особое место. В своем докладе «Качественные учебники и подготовка высококвалифицированных математиков как основа инновационно-индустриального развития государства» Нурлан Темиргалиевич дал оценку школьному образованию. Наука, как считает ученый, начинается со школьной скамьи, поэтому сейчас он работает над разработкой школьных учебников. Кроме этого, он настроен помогать нашему университету по подготовке научных кадров.

Не менее интересным было выступление физика-ядерщика Саябека Куанышбековича Сахиева. Молодой, по меркам мировой науки, ученый свободно владеет тремя языками — казахским, русским и английским. Студенты и преподаватели с интересом слушали доклад об актуальных проблемах физики. Не обошли стороной такую известную уже не только в научных кругах тему большого адронного коллайдера. Студенты также интересовались возможностью строительства в Казахстане атомных электростанций, задавали вопросы о проблемах ядерной физики, перспективах развития в Казахстане научной мысли в этом направлении.

Встреча прошла в непринужденной обстановке. Маститые ученые восхитили слушателей эмоциональностью выступления и доступностью изложения материала.

В ЗКГУ им. М.Утемисова общение с учеными первой величины Казахстана, России и дальнего зарубежья стало традиционным, что, безусловно, способствует не только повышению научного потенциала профессорско-преподавательского состава, но имеет большое воспитательное значение для будущих педагогов.

Айман КУЛЬЖУМИЕВА,
заведующая кафедрой физики и математики



● **Кездесуден жақсы әсер алған университет оқытушылары өз ойларын ортаға салды, солардың бірі физика және математика кафедрасының аға оқытушысы Зұбайда ЖҰБАНЫШЕВА өз ойын былай деп түйіндейді:**

- Университет әкімшілігінің шақыруымен Астанада келген физика-математика ғылымдарының докторлары физика-математика ғылымдарының қазіргі заманғы жетістіктерімен таныстырып, бұл пәндерді орта мектепте оқытудың өзекті мәселелерін алға қойды.

Елбасымыздың 2012 жылғы халыққа Жолдауы көпшілері болғандықтан ғылымның дамуы және оны техника мен өндірістің нақты салаларына қолданудың маңызы басты атап көрсетілді. Осыған байланысты елімізде ғылым салаларының бүгінгі күнгі жетістігі практикаға шапшаң енуінің қажеттілігін ғалымдар сөз етті. Іргелі ғылым орталықтарының белгілі ғалымдарымен кездесу оқу үрдісін жаңа сатыға көтеріп, оқытудағы ұтқырлықты практика жүзеге асыруға мүмкіндік жасайды. Университет қабырғасында жүзеге асырылып жатқан іс-шаралар оқу ордасының 80 жылдық мерейтойына арналуда. Игі істер жалғасын табарына біз сенімдіміз.

■ Поздравляем!!!

Стимул для ученых

Преподаватель ЗКГУ им. М.Утемисова Лилия Игоревна Мергалиева, доктор экономических наук, профессор, заведующая кафедрой «Экономическая теория и бизнес» признана лучшим в стране преподавателем вуза.

В Астане прошла процедура награждения победителей конкурса на звание лучшего преподавателя вуза, объявленного Министерством образования и науки РК. В конкурсе участвовали более 600 преподавателей из 84 вузов страны, из них работы 200 кандидатов были признаны достойными. Сотрудники 55 вузов стали обладателями государственных грантов в номинации «Лучший преподаватель вуза-2011». Грант, который составляет 3 млн. 200 тыс. тенге, обладатель использует для зарубежной стажировки в ведущих университетах мира. По словам Лилии Мергалиевой, пока выбрано ближее зарубежье, но уже ведутся переговоры с Великобританией и Соединенными Штатами.



ҒЫЛЫМИ КЕҢЕСТЕ

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің профессор-оқытушылар құрамының қатысуымен 27 қаңтар күні Ғылыми кеңес болып өтті.

Марапаттаулар: I проректор **Ә.С.Тасмағамбетовке** «Қазақстан Республикасының білімі мен ғылымын дамытудағы зор еңбегі үшін» кеуделік белгісі табыс етілді. Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры **Г.С.Қайсағалиеваға** «Ы.Алтынсарин» атындағы кеуделік белгісі табыс етілді. Стратегиялық даму және аккредиттеу орталығының директоры **О.В.Юровқа** ҚР Білім және ғылым министрлігінің «Құрмет грамотасы» табыс етілді. Педагогика ғылымдарының кандидаты **А.Б.Медешова** мен өнертану кандидаты **Қ.Д.Айтқалиеваға** ҚР Білім және ғылым министрлігінің аккредиттеу туралы куәлігі табыс етілді.

Республикалық СҒЗЖ байқауының жүлдегерлеріне дипломдар табыс етілді: **Е.Попова, Е.Соловей** (орыс филологиясы) I дәрежелі диплом, **М.Ханасеева** (шет тілі: екі шет тілі) I дәрежелі диплом, **А.Молдашева** (қазақ тілі мен әдебиеті) II дәрежелі диплом, **Ә.Елешев** (музыкалық білім) II дәрежелі диплом, **О.Карташова** (алғашқы әскери дайындық) III дәрежелі диплом, **Л.Иманқұлова** (дизайн) III дәрежелі диплом, **А.Абоимов** (информатика) III дәрежелі диплом.

Күн тәртібінде: ҒЖ және ХБ жөніндегі проректор **Ә.Қ.Мұқтардың** университеттегі ғылыми-зерттеу жұмыстарының 2011 жылғы қорытындысы мен I проректор **Ә.С.Тасмағамбетовтің** I жарты жылдықтағы Ғылыми кеңес мәжілістері шешімдерінің орындалуы тыңдалып, ағымдағы мәселелер жаралды. Сондай-ақ ҚР еңбек сіңірген жаттықтырушысы **Ж.С.Жардемовеке**, дене тәрбиесі кафедрасының меңгерушісі **М.Х.Теміргалиеваға** және қазақ филологиясы кафедрасының аға оқытушысы, ф.ғ.к. **Р.Б.Сұлтанғалиеваға** БҚМУ қауымдастырылған профессоры (доцент) атағын беру туралы ұсыныс қабылданып, қауыптар қабылданды.

17 ақпан күні М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті ұжымының ректораты өтті.

Марапаттаулар: ҚР Білім және ғылым министрлігі білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің педагогика және психология кафедрасының меңгерушісі **Әділбаева Нұрия Әділжанқызына** тарих ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесінің дипломы және ҚР Білім және ғылым министрлігі білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің тарих ғылымдарының докторы **Мұханбетқалиев Хайырлы Салықұлына** әскери ғылымдар профессоры ғылыми атағының дипломы табыс етілді.

Күн тәртібінде: Педагогика және филология факультеттерінде БҚМУ түлектерінің еңбек нарығында сұранысқа ие болуын қамтамасыз ету мақсатында элективті пәндер каталогы, мамандану, оқу үрдісінің кестесін қалыптастыру бойынша жұмыс берушілер және сарамам базасымен жұмысты ұйымдастыру туралы факультет декандары **А.С.Қыдыршаев, Қ.Т.Утегенова** мәлім етті. Тарих және құқық, экономика және басқару факультеттерінде бірлескен білім бағдарламаларын енгізу және ПОҚ пен студенттердің академиялық ұтқырлығы жайында факультет декандары **С.М.Физзатов, Г.И.Нестеренко** сөз қозғады.

Ағымдағы мәселелерде университеттегі іс жүргізудің жағдайы туралы СМЖ жетекшісі **Б.Б. Жұмағалиева**, бірлескен білім бағдарламалары бойынша Польша мен Германияның ЖОО-ларына іссапары туралы халықаралық ынтымақтастық және академиялық ұтқырлық қызметінің жетекшісі **М.Бардосова** және көркем қолданбалы өнер және кәсіби білім кафедрасының доценті **О.И. Ворожейкина** Бельгияның ЖОО-ларына іссапар нәтижесі жайында баян етті.

■ История ЗКГУ им. М.Утемисова в датах

ЗКГУ - один из старейших вузов страны (основан в 1932г.)

80-летняя история Западно-Казахстанского государственного университета — целая эпоха, вместившая в себя становление и развитие, победы и достижения.

В течение всей своей истории вуз смог сохранить творческий потенциал коллектива и многолетние традиции, бережно передаваемые от одного поколения к другому.

Университету принадлежит огромная роль в воспитании плеяды ученых, преподавателей, специалистов многих профессий, которые вносят значимый вклад в социально-экономическое развитие региона. Многие государственные и политические деятели, талантливые ученые, руководители организаций и предприятий получили свое образование в ЗКГУ.

Один из старейших вузов Казахстана был создан решением Наркомпроса при содействии наркома просвещения А.С.Бубнова и решением Казкрайкома в 1932 году как Второй Казахский педагогический институт на базе Уральского института народного просвещения им. 10-летия Казахстана. Казахский пединститут, созданный в Алма-Ате, был в то время единственным в Казахстане и не мог обеспечить все школы учителями. К слову, в Западно-Казахстанской области из 996 учителей не было ни одного учителя с высшим образованием. Целью нового вуза была подготовка учителей с высшим образованием для ликвидации неграмотности и введения всеобщего обязательного обучения.

Директором института был утвержден Ш.И.Бекжанов, помощником по учебной части — С.А.Бибииков. За институтом закреплялось здание Инпроса с общежитиями и пристройками, в них размещались три отделения пединститута: физико-математическое, биологическое и казахского языка и литературы. К началу учебного года было зачислено 83 студента из числа казахской молодежи, в основном, за счет учащихся III подготовительного курса Уральского Инпроса и казахстанских курсов по подготовке в высшие учебные заведения. Для увековечения памяти умершего заместителя наркома просвещения РСФСР **академика М.Н.Покровского** его имя было присвоено Уральскому педвузу.

1 января 1933 года было создано украинское отделение языка и литературы. Отделение начало работу при полном отсутствии учебной литературы на украинском языке.

Институт мало отличался от среднего учебного заведения, поскольку в целом институт имел бедную учебно-материальную базу, научной же базы не было вообще. Положение стало меняться к лучшему, когда в **1933 году** директором в институт был направлен аспирант академии им. Н.Крупской **И.К.Лукьянец**.

В октябре 1934 года основные отделения вуза были преобразованы в факультеты языка и литературы, физико-математический, биологический. Был открыт заочный сектор, а также учительский институт с двухгодичным ускоренным сроком обучения.

В 1934 году впервые были созданы кафедры социально-экономических дисциплин, педолого-педагогическая, языка и литературы, биологии, а в **1935 году** — физики и математики.

В 1936 году впервые все принятые абитуриенты были со средним образованием.

(Продолжение в следующем номере)

М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің Ғылыми кеңесі 24 ақпан күні болып өтті.

Марапаттаулар: М.Өтемісов атындағы БҚМУ қауымдастырылған профессоры (доцент) академиялық атағының дипломдары оқытушылар - **Сұлтанғалиева Рита Бекжанқызына, Теміргалиева Марина Хамитқызына, Жардемев Жұбаныш Садырұлына** табысталды.

Күн тәртібінде: Күндізгі оқу түрі студенттерінің қысқы сынақ-емтихан сессиясының нәтижесі туралы академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры **Г.С.Қайсағалиева** сөз қозғады.

Университеттегі кәсіби бағдар беру мәселелері төңірегінде кәсіби бағдар, қабылдау және білім беру мекемелерімен байланыс бөлімінің жетекшісі **А.С.Аманбаев** баян етті.

Ағымдағы мәселелерде - тарих ғылымдарының докторы, профессор **Т.З.Рысбековтің** «Оқу процесін жетілдіру мен тәрбие мәселелері» кітабын баспадан шығару туралы ҒЖ және ХБ жөніндегі проректор **Ә.Қ.Мұқтар**; Біліктілікті арттыру және кадрларды қайта даярлау аймақтық институтының ережесін бекіту жайында ҚД және қосымша білім беру орталығының жетекшісі **И.М.Ломоносов**; ҚР Президенті, Ұлт көшбасшысы Н.Ә.Назарбаев атындағы қордың ұйымдастыруымен 2012 жылдың наурыз айында өтетін ғылыми-зерттеу жұмыстары мен ғылыми жобалар байқауына жас ғалымдар мен студенттердің жұмыстарын ұсыну туралы ҒЗЖ бөлімінің жетекшісі **Ә.Ж.Имашев**; Халықаралық аккредиттеуден өту дайындығы бойынша кезекті сұрақтарды талқылау жайында стратегиялық даму және аккредиттеу орталығының директоры **О.В. Юров**; М. Өтемісов атындағы БҚМУ-дың доценті, филол.ғ.к. **Ғ.Абухановтың** 100 жылдық мерейтойына орай ғалым тұрған үйге тақтайша орнатуға және қаланың бір көшесіне ғалым есімін беруге ұсыныс жайында қазақ филологиясы кафедрасының меңгерушісі **А.Ы.Мамыровтардың** жұмыстары тыңдалды.

Айгүл НИЕТОВА,
ғылыми хатшы



Р К Е Н

№ 2 (874) ақпан 2012 жыл



Асхат ИМАНҒАЛИЕВ,
М. Өтемісов атындағы
Батыс Қазақстан мемлекеттік
университетінің ректоры, педагогика
ғылымдарының докторы, академик

Р
К
Е
Н

Мемлекет Басшысы Нұрсұлтан Назарбаев 2012 жылғы 27 қаңтардағы «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» атты халыққа арнаған Жолдауында: «Дүние жүзінде қысқартулар мен дағдарыстар үстемдік құрып тұрған шақта біз Қазақстанды алып құрылыс алаңына айналдырамыз», дегенді ашық әрі батыл түрде мәлімдеді. Сондай-ақ, мемлекеттің қуаттылығы еліміздің әр аймағында тұрып жатқан халықтың әлеуметтік тұрмысымен өлшенетінін меңзеген Елбасымыз үкіметке өңірлерді дамыту ісімен шұғылдану керектігін жүктеді. Бұл елінің кемел келешегін көре білген кемеңгер Көшбасшының және бір көрегендік қасиеті деп білемін.

Бас-аяғы жиырма жыл уақыт. Бұдан жиырма жыл ғана бұрын КСРО держава-сынан енші алған Қазақстанда гиперинфляция мен өндірістік рецессия қаулап өсіп, жұмыссыздық шектен шығып, жалақы, зейнетақы, жәрдемақы дегендер айлап емес жылдап кешіктіріліп, соның салдарынан қалың бұқараның әлеуметтік тұрмыстық жағдайы мүлде күйзелісті деңгейде болғанын ұмытқандаймыз. Өйткені, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті 1996 жылы «кері кетушілікті» тежеп, елді алға басу арнасына салып, 1997 жылы «Қазақстан – 2030» стратегиялық даму бағдарламасын жариялағаннан кейін бір жеңістен соң, бір жеңіс қанжығасына байланатын елге айналдық. Тіпті, 2007 жылдың тамызында АҚШ ипотекалық жүйесінде басталып күні бүгінге дейін дамыған Батысты бір тарының қауызына сыйдырғандай күшін тыймай тұрған дүниежүзілік қаржы дағдарысының салқыны да бізге сезінерліктей әсер етпеді. Мемлекет Басшысының тікелей нұсқауымен Ұлттық Қордан әлсіреген банктерге тікелей қаржылық көмек көрсетіліп, сонан соң «әрі-сәрі болған» үлескерлер мәселесін шешуді «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қорына жүктеп, макроэкономика «қожаларымен» меморандумға қол қойып, «Жол картасы» бағдарламасын жасап, жүзеге асырып, не керек дер кезінде білімділікпен атқарылған осынау қыруар істердің нәтижесінде экономиканы тұрақты даму арнасынан шығармай, ақыры аяғында бюджеттік міндетті төлемдерді үш жыл ішінде екі есеге өсіріп, жұмыссыздықты екі пайыздан астамға шегіндіре алдық. Ол, ол ма бүкіләлемдік қаржы дағдарысы кезінде қазынаны шамамен 75 пайызға өсіріп Ұлттық Қорлардағы алтын валюталық жиынтық қаржыны 73 миллиард доллардан асырдық. Мұндай «Жеңістен, жеңіске» жетуді қамтамасыз етіп отырған елдер дүние жүзінде санаулы. ТМД бойынша аталған санаулы жалғыз біздің ел. Ал бүкіл әлем бойынша Қазақстан жылдық ішкі жалпы өнімнің өсімі жағынан Катар мен Қытайдан кейінгі үшінші орынды иеленген екен. Мұндай ауқымды табыстар мен мол жетістікті нақты өмірімізден өткере отырып, бұл қалай мүмкін болды деген сұрақтың жауабын іздеу әрбір саналы адамның қызығып айналысатын ісі деп ойлаймын. Оның үстіне біздер білім-ғылым ордасында жүрген басшы тұлғалар, жастарды жарқын болашақтың білімді де, білікті иесі болуға тәрбиелеу үшін де өлгі сұрақтың жауабы ғылыми негізді болуына назар аударамыз. Меніңше осынау іркіліссіз даму мен жеңістен жеңіске жетудің өзегінде бір алтын тін жатыр, ол Тұңғыш Президентіміздің өз қызметіндегі «әуелі экономика, сонан соң басқасы» деген және «экономикадағы жетістіктер халықтың тұрмысынан көрініс табуы тиіс» деген ұстанымдары болса керек.

Қазақстан 2011 жылы жан басына шаққанда жылдық жалпы ішкі өнім өндіруден, басқаны былай қойғанда, еуропалық қалыптың төменгі сатысына таяп қалды. Республиканың әр тұрғынына есептегенде 11,3 мың доллардың өнімі өндірілген екен. Бұйырса, 2015 жылдың өзінде бұл көрсеткіш жөнінен еуропалықтардың төменгі баспалдағына көтерілеміз. Ал 2020 жылға қарай шамамен орта деңгейде болады екенбіз. Демек, Елбасымыздың «бәсекелестікке қабілетті елу елдің сапында болу» деген межесі 2020 жылдың өзінде алынады. Бірақ, елдегі сол игіліктің біркелкі бөлінбеуі салдарынан қоғамда «алақұлалық» орын алуы мүмкін. Міне, мұндай бейберекетті болдырмауды күні бұрын қарастырған Республика Басшысы атқарушы билікке индустриялы-инновациялық даму бағдарламасының ауыр жүгін аймақтарға табиғи және демографиялық мүмкіндігіне сай бөлуді тапсырды. Ендігі кезекте ел тұрғындарын жаңа мамандықтарға оқыту мемлекет есебінен жүргізіліп, олардың жұмысқа орналасып, жаңа аймақта тұрақтануына дейінгі барлық мәселені шешу – атқарушы билікке жүктелді. Бұдан былай Үкіметтің және жергілікті әкімдіктердің атқарған қызметтерінің нәтижесі қанша

КЕЛЕШЕК КӨКЖИЕГІ

адамды жұмысқа орналастырғандығымен, аймақтағы жұмыссыздықты азайту көрсеткішімен өлшенетін болады. Бұл да Елбасымыздың «Экономикадағы жетістіктер ел тұрғындарының өмірі мен тұрмысынан көрініс табуы керек» деген ұстанымына беріктігін көрсетсе керек.

Быттырғы жылдың соңы, биылғы жылдың басы Мемлекет Басшысының атқарушы биліктегі лауазымды тұлғалар жұмысына сыни баға беру кезеңі болды десек, артық айтқандық емес. Жаңа өзендіктермен жүзбе-жүз кездесіп, басты кемшіліктердің бетін өзі ашқан Елбасымыз Парламент депутаттарының бірлескен мәжілісінде Қазақстан халқына Жолдауын жариялаған соң, атқарушы биліктің алқалы жиынын өткізді. Бұл жиында кімнің неге жауап беретіні тағы бір пысықталып қана қойған жоқ, сонымен бірге қаншама жауапты басшы осы уақытқа дейін өз істеріне салғырт қарағаны үшін қатаң сын да естіді. Талап күшейді. Еліміздің экономикалық даму қарқыны жақсы. Сыртқы саудада тиімді қалдық молая түсті. Әлемдік қор биржаларындағы баға ауытқулары Қазақстан пайдасында. Онжылдық бағдарламаның алғашқы екі жылында жұмыс ырғағы өсу үстінде болды. Халықтың тұрмыс жағдайы кейбір мемлекеттерге қарағанда «шүкір» деуге боларлықтай. Онжылдық бағдарламамызға шетелдік инвесторлардың қызығушылығы уақыт озған сайын өсіп отыр. Бұған Елбасымыздың Германияға, Біріккен Араб Әмірлігіне жаңа жылдан кейінгі ресми сапарларының нәтижесі толық дәлел. Қазына тола түсті. Ендеше «бүкіл дүние жүзі дағдарып жатқанда Қазақстан алып құрылыс алаңына айналды» деген Нұрсұлтан Әбішұлы неге бұлайша талапты күшейте түсті деген сұрақтың алдымыздан шығуы әбден орынды. Меніңше, мұның да жауабы әзір секілді. Жалпы алғанда, Тұңғыш Президентіміздің бүкіл қызмет жолына тереңірек үңілсек, ол кісіде «тоқмейілсу» қасиеті мүлде жоқ. Нұрсұлтан Әбішұлы алғашқы жеңісті, жетістікті, нәтижені келесі жеңістер мен жетістіктерге жетудің баспалдағы ретінде қарастырады. 1997 жылы «Қазақстан – 2030» стратегиялық даму бағдарламасын қабылдаған кезде де солай істеген. Мұндай бағдарламалар бетінде Оңтүстік Шығыс Азияның гүлденуін, Қытайдың қарқынды дамуын қамтамасыз етіпті. Соғыстан кейінгі Батыс Еуропаның қысқа мерзімде қайта дамуы «Маршал жоспары» деп аталатын құрлықтық бағдарламаның нәтижесі екенін білеміз. Ендеше «Қазақстан – 2030» стратегиялық даму бағдарламасы Тұңғыш Президентіміздің алыс болашаққа барлаған ғылыми көзқарасы, ал одан кейінгі бағдарламалар мен әр жылдық жоспарлар сол негізгі межеге жету жолындағы мақсатты шаралар екен.

Президентіміз өзінің «Қазақстан – 2030» стратегиялық даму бағдарламасының түпкі нәтижесі ретінде көрініс табуға тиісті негізгі мақсаты «бәсекелестікке қабілетті елу елдің сапында болу», «интеллектуалды ұрпақ тәрбиелеп, интеллектуалды ұлт қалыптастыру» екенін бетінде жариялады. Бірақ, көпшілік мұның өзін қуанышпен қабылдағанымен толық түсінді деуге болмас. Мәселен, алдан «интеллектуалды ұлт қалыптасқанда не болады?» деген сұрақ кезігуі әбден мүмкін ғой. Мұның да жауабын Елбасымыздың тікелей нұсқауымен жасалған кейінгі бағдарламалар берді десем артық айтқандық емес. 2009 жылы Н.Ә. Назарбаев былай деді: «біз «Қазақстан – 2030» даму бағдарламасының алғашқы кезеңін жемісті қорытындыладық. Енді оның екінші кезеңіне аяқ басамыз. Соңғы дағдарыс шикізатқа тәуелді экономикаға байланған елдің жағдайы қандай болатынын көрсетті. Енді біз 10 жылға арналған индустриалды-инновациялық даму бағдарламасын жасап, экономикадағы өңдеуші-ұқсатушы сала үлесін молайтуға тиіспіз». Елбасы бұл бағдарламада қамтылуға тиісті жеті басым бағытты атап-атап көрсетіп берді. Бүгінде 2009 жылы жасалып, 2010 жылы нақты жұмыс жоспарына айналған аталмыш бағдарламамыздың екі жылын да артқа



тастадық. Қарап отырсақ, елімізде мүлде жаңа, өзі түгіл шығарған өнімінің атауы да жаңа кәсіпорындар өмірге келіпті. Бірнеше ондаған, тіпті жүздеген жаңа мамандықтар игеріліп жатыр. Осыған қарап-ақ Н.Ә. Назарбаев мәлімдемесіндегі «бәсекелестікке қабілетті елу елдің сапында болу», «интеллектуалды ұрпақ тәрбиелеп, интеллектуалды ұлт қалыптастыру» деген тіркестердің астарында не жатқанын ұғуға болады емес пе? Жаңа кәсіпорындарда жұмыс істеп жатқан жастарымыз тұтастай өндірістік жүйені, цехтарды бір ғана компьютермен басқарып отырады. Бұрынғы 100 адам істейтін жұмысты бір ғана маман атқарады. Өлі күнге дейін естен кете қойған жоқ, Кеңес Одағы құрамындағы Қазақстанда жұмыс істеген орташа зауыттардың әрқайсысында ең кемі 3-5 мың жұмыскер болатын. Ал мына жаңадан елімізде бой көтеріп жатқан зауыттарда, цехтарда ең көп дегенде 300 адам жұмыс істейді. Бірақ, олардың шығаратын өнім көлемі бұрынғылар шығарған өнім көлемінен әрі мол, әрі сапалы. Дәл осы жерден «интеллектуалды ұлт қалыптастыру» мақсаты жүзеге аса бастағаны көрініп тұрған жоқ па? Орайы келгенде айта кеткен жөн «интеллектуалды ұлт қалыптастыру» ісіне Елбасымыз ерте-ақ қамданғандай. Олай дейтін себебім, ТМД көлемінде бірінші болып біздің Қазақстанда мектептерді жаппай компьютерлендіру ісі қолға алынып, жүзеге асырылды. Бұл күнгі мектептеріміздің басым бөлігі интерактивті тақталарды, интернетті пайдаланады. Білім алуға осындай негіз келген талантты жастар Президентіміз посткеңестік аумақта алғашқы болып еліміздің талантты жастарын шет елдердің таңдаулы білім ордаларында оқытып, отандық оқытушы профессорлар құрамының білімдерін шет елдерде жетілдіру жұмыстарын жүзеге асырды. «Болашақ» бағдарламасы бойынша шет елдерде жеткілікті білім алып келген талантты жастарымыз бұл күндері мемлекеттік атқарушы биліктің, ұлттық компаниялардың, шетелдік фирмалардың лауазымды қызметтерін лайықты атқарып жүр. Еске сала кетейік, егемендіктің алғашқы жылдарында отандық өндіріске инвестиция құйған шетелдік алпауыт компаниялар көптеген мамандарды өздерімен бірге ала келетін. Олардың айта-тын уәждері «жергілікті мамандар біліктілігі қанағаттандырмайды» дегенге саятын. Қазір, міне, Елбасымыз сол шет елдіктерді отандық мамандармен алмастыруды трансұлттық инвестор фирмалардың басшылығына талап ретінде қойып жүр. Бұл ұлттық интеллектуалдық сапаның жоғарылай түскенін көрсететін нақты мысал емес пе?! Орыс халқында «Мәскеу бір күнде салынбаған» деген қанатты сөз бар. Ендеше ұлттық интеллектуалдық сапасының жоғарылауы секілді басты қажеттілік пен басты мақсат та бір күнде немесе бір жылда тіпті, бір онжылдықта қол жеткізілетін оңай шаруа емес. Ол – бірнеше онжылдықтарды, жүзжылдықтарды, тіпті шексіздікті қажет ететін ұғым. Жаратылыстың шексіз дамуы секілді ұлттық сапа да дамуы жағынан шексіз уақытқа ұласатын бір игілікті іс. Тек төзімділікпен, түсіністікпен алға жылжи беру керек. Арабтарда мынадай мақал бар екен: «Баратын жерін білмейтін адам барлық жолмен жүреді». Мұны қазақтың қарапайым тілімен «мақсатсыздың бейнеті көп» деп түсінуге болатын шығар. Осынау тәмсілдерді

қорыта келгенде, Қазақстан «бейнетті көп көретін ел емес» дегім келеді. Өйткені, бізде баратын жеріміз белгілі, нақты мақсатымыз бар. Жолдың алғашқы бөлігін артқа тастаған бүгінгі таңда бағытымыздың дұрыс және түзу екенін, баратын жерімізге белгіленген мерзімде жететінімізді білеміз. Орайы келгенде айта кетейін, осы биік мақсатымызға қол жеткізуге қажеттінің бәрі елімізде бар екен. Мәселен, ғылыми тұрғыдан жоғары нәтижелерге қол жеткізу үшін бірнеше қажеттіліктер болады. Ең алдымен, ұлттың білім деңгейі. Бұл жағынан алғанда біз әлемдік тізімнің жоғарғы сатысында, дәлірек айтсақ, екі жүзден астам мемлекет енген тізімде 18-ші орында тұрмыз. Демек, алғашқы қажеттіліктің негізі өзімізде бар. Екінші қажеттілік мемлекеттің ішкі, сыртқы саясаты – тұрақтылық пен «ашық есік» жағдайының болуы. Бұл жағынан алғанда, Қазақстан – әлемнің ерекше ризашылығына бөленіп отырған ел. Уақыт озған сайын біздің елдің сыртқы сауда айналымындағы тармақтар өсіп, өрісі кеңейіп келеді. Ішкі ұлтаралық, дінаралық ұстанымдағы ауызбірлік, халықтың тыныштығы барша мемлекетті қызықтыруда. Бұл тұрғыдан алғанда үшінші қажеттілік бізге қанағаттанарлық деңгейде сырттан толассыз келуде. Ол – шетелдік тікелей инвестиция тартудан Қазақстан посткеңестік аумақтағы көшбастаушы мемлекет атанды. Бұл қарқынның жалғасқаны сондай, таяуда ғана Елбасымыздың Германияға сапары кезінде Еуропаның осынау дамыған, озық технологиялы ең бай мемлекетінен еліміздің өңдеуші, ұқсатушы саласына 4 миллиард еуродан астам тікелей инвестиция келетін келісімшарттарға қол қойылды. Біріккен Араб Әмірлігінен Астанада Орта Азиядағы ең биік, ең әсем ғимаратты салу үшін 1 миллиард доллардың инвестициясы және келетін болды. Жыл енді ғана басталғанда жоғарыда айтқан көлемдегі инвестиция тарту тек біздің елдің ғана игілігіне айналған іс болып тұрғаны қуантады. Төртінші қажеттілік отандық қаражат десек, ол да бізде жеткілікті. 2011 жылды ұлттық қорлардағы жиынтық сомасы 73 миллиард доллардан асатын мол қазынамен қорытындыладық. Жыл басынан бері қазынамыз тағы да 5 миллиард долларға толыққан екен. Биылғы Жолдауында Президент Н. Ә. Назарбаев «Шет елдің банктерінде ұстағанша Ұлттық қордағы мол қазынаны елге әкеліп, отандық экономикаға инвестиция ретінде пайдаланайық» деген ұсыныс жасады. Ал шет елдерде жатқан «мұнай долларларынан» жасақталған Ұлттық қордағы қазынаның мөлшері 40 миллиард доллардан асады. Демек, біз отандық экономиканы өртапарландыру саласындағы бағдарламамызды шетелдіктерді былай қойғанда, өзіміздің қазынамыздан да қаржыландыра алатын ел болып тұрмыз. Бесіншіден, табиғи байлықтың жеткілікті көзі қажет екен. Бұл жағынан алғанда да Қазақстан – әлемдік көшбастаушы мемлекет. Табиғи байлықтың зерттелген қоры жағынан біз дүниежүзілік тізімде ең жоғарыда тұрған мемлекетпіз. Алтыншыдан, азық-түлікке сұранысты өтеу талап етіледі. Бұл талап бойынша еліміздің мүмкіндігін айтып жатудың өзі ерсі. Аумағына бес Франция сыйып кететін Қазақстан азық-түлікпен өзін-өзі қамтамасыз етпек түгіл, уақыт өте келе



Р К Е Н



№ 2 (874) ақпан 2012 жыл



5

және өз ұжымымызда жан-жақты түсіндіру барысында университетіміздің тындырған істеріне шолу жасалынып, алға міндеттер белгіленді. Қыруар істі қолға алған Елбасымыз әрбір мемлекеттік қызметкерден өз жауапкершілігіне дұрыс қарауды талап ететіні баршаға белгілі. Бұл біздің ұжым жұмысының барысында есте сақтайтын ең басты шарт. Содан да болса керек 80 жылдық тарихы бар М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің оқытушы, профессорлар құрамы студенттерге білім беруді замана талабына сай жүргізіп қана қоймай, сонымен бірге өз мамандықтары бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарын қарқынды дамытып келеді. Мәселен, біздің университет бойынша 2009-2011 жылдар аралығында 23 ғылыми-зерттеу жобаларына сәйкес біраз іс тындырылды. 25 монография, 500-ге жуық ғылыми мақалалар жарық көрді. 36 докторлық және кандидаттық диссертациялар қорғалды. Орайы келгенде айта кеткен жөн, осының бәрі Елбасымыздың отандық білім-ғылым жүйесін халықаралық қалыпқа түсіру мақсатындағы талаптарының нәтижесі. Біздің ғалымдарымыз шет елдердің таңдаулы елу жоғары оқу орнының ғалымдарымен жасасқан келісімшарттар бойынша ғылыми ізденісті қарқынды жүргізіп жатыр. Германия, Польша, Түркия, Ресей, Украина, Әзірбайжан, Литва секілді мемлекеттердегі ғылым ордаларымен тығыз байланыс орнаттық. Ғалымдарымыз сол мемлекеттердегі таңдаулы оқу орындарында білімдерін жетілдіріп қайтты. Бірнеше шет елдік танымал ғалымдар біздің университетте лекция оқыды. Осылардың нәтижесі көңіл қуантарлық. Соңғы үш жылда ғана университет ғалымдары өздері ашқан жаңалықтарға авторлық патент алды. Аймақтық білім ордасы үшін бұл – үлкен жетістік. Бірақ, біз ұлтын биіктен биікке, жеңістен жеңіске бастаушы Көшбасшымыздың еңбектенуде «тоқмейілсуді» білмейтін ұстанымына сай болуға күш салудамыз. Осылай жұмыс істеуді азаматтық парызымыз санаймыз. Шын мәнінде біздің әрқайсымыз тәуелсіз Қазақстан Республикасына өзімізді қарыздар сезініп, жұмыс істеуге тиіспіз ғой. Егер мына бір ақиқатқа көз салсақ, менің бұл пікірімде еш жаңсақтық жоқ екенін түсіну қиын емес. Айталық, тәуелсіздікке дейін Қазақстан ғалымдары арасынан шетелдерде білімін жетілдіргендері болмаған. Одақтық деңгейде жаңалық ашқан санаулы ғалым ағаларымыз ғана халықаралық ғылыми конференциялар мен симпозиумдерге қатынасатын. Студенттер туралы сөз айту мүмкін емес. Ал қазір біздің көрнекті ғалымдарымыз жалпыадамзаттық ұстазға айналып, шет елдерде жиі-жиі лекциялар оқитын болды. Жас талантты ғалымдар білімдерін шетелдік ғылыми орталықтарда жетілдіруді әдетке айналдырды. Жуырда ғана университетіміз еуропалық стандарт негізінде педагогикалық мамандықтар бойынша кадрлар дайындауда бірлескен білім беру бағдарламаларын жасап, Германия мен Польша мемлекеттерінің жоғары оқу орындарымен ынтымақтастық байланыс орнатып, қос дипломды білім беру бағдарламасын жүзеге асыруда. Бүгінгі таңда университетіміз халықаралық аккредитациядан өтуге дайындық жұмыстарын жүргізуде. Бұл Қазақстандағы жоғары оқу орындарының білім беру сапасын айқындайтын бірден-бір маңызды қадам болып табылады. Ал мектеп бітірушілердің «Болашақ» бағдарламасы бойынша әлемнің маңдайалды оқу орындарында мемлекет есебінен білім алуы жоспарлы жүргізіліп келсе, бүгінгі таңда «Болашақ» бағдарламасы бойынша жастарымыз магистратура мен PhD докторантурада оқуға және ғалымдарымыз тағылымдамадан өту мүмкіндігіне ие болып отыр. Жекелеген азаматтардың өз қалауы бойынша шет елдерде оқып жүргені де жетерлік. Қысқасы, тәуелсіз мемлекетіміз қазақстандықтардың жан-жақты дамуы үшін әлемнің барлық тұстарына жол ашып берді. Енді сол мүмкіндікті ең әуелі өзіміздің жеке басымыздың дамуы үшін пайдаланып жатсақ, мұның өзі жалпыұлттық дамуға қосқан үлесіміз болар еді демекпін.

Қорыта айтқанда, Қазақстан мемлекеттік және ұлттық дамуды қарқынды жүргізіп биіктен-биікке өрлеп бара жатқан ел болып тұр. Мемлекет бұл орайда өзінің барлық мүмкіндігін толық іске қосқан. Ол мүмкіндіктер әр қазақстандықтың жеке дамуының қозғаушы күшіндей болары сөзсіз. Тек осынау ауқымды істе әрқайсымыз өз үлесімізді молайта түсу үшін жұмыла алсақ болғаны. Көзіқарақты адам Қазақстанның және мұндағы тұрғындардың болашағы жарқын екенін бірауыздан айта бастағанына біраз уақыт болды. Елдің дамуы да сол дуалы ауыздардың болжамдарына сай болып тұр. Тек енді осы жалпы дамуға әр жалқы жауаптымын деп сезініп жұмыс істеуі керек. Осылай істей алсақ, біз бағындырмайтын асу жоқ дер едім. Алла алдымыздан жарылқағай.

(Мақала «Дала мен қала» газетінен алынды, № 8 (439) 20 ақпан 2012 ж.)

Бұған дейін ғылым «қаражаттан шәліркесе», ғалымдар ашқан жаңалықтар өндіріске жолдама алудан ысырылып келсе, енді ондай тоқырау болмайтын болды. Ғылымды инвестициялаудың бірнеше арнасы жұмыс істей бастады. Мәселен ғылыми-зерттеулер үшін арнайы мемлекеттік мақсатты гранттар бөлу, мемлекеттік тапсырыстар бойынша ғылыми-зерттеу жобаларын жүзеге асыру, ғылымға бөлінетін қаржыны ғалымдардың өз екшеулерінен өткізе отырып бөлу, ақыр аяғында жекенің капиталын инвестиция ретінде тарту арналары пайда болды. Ашылған жаңалықтарды өндіріске енгізу ісі жеңілдей түсті. Бюрократиялық кедергілер жойылды. Қазір үкімет деңгейінде жоғары ғылыми-технологиялық кеңес жұмыс істейді. Бұл кеңес салалық ғылыми кеңестердің ұсыныстарын екшеуден өткізеді. Сайып келгенде, бәрінің де мүддесі ғылымды инвестициялау, жаңалықты өндіріске кідіріссіз енгізу жұмыстарын жүйеге түсірген, жемісті ететін бір жаңа арна болды. Ал Астанадағы Назарбаев Университеті осы саладағы тірек пункті қызметін атқармақ. Ғылымда лабораториялық зерттеу жаңалық сынақ конструкторлық жобалау өндіріс деп аталатын нақты тізбек тұтастықта жұмыс істеуі керек. Міне, бұдан былай біздің елде осы шарттың жүзеге асатын түрі бар. Себебі, бұған дейін бізде лабораториялық зерттеу, жаңалық бір бөлек жүргізілді. Ол жұмыс тек ғалымдардың ісі деп саналып, сынақ өз алдына бір бөлек жүргізілді. Конструкторлық жобалау мүлде болмады. Мұның салдарынан жаңалық өндіріске жетпей жатты. Енді, міне, ғылыми-зерттеу мен жаңалық жекелеген лабораторияларда жүзеге асырылса да жаңалықты сынақтан өткізу мен конструкторлық жобалау Назарбаев Университетінің арқалайтын жүгі болды. Демек, бұрынғы жоғымыз түгелденген соң жаңалықтардың өндіріске енуіне жол ашылады деп үміттенуге болады. Бұл жұмыстардың бәрін үйлестіретін үкімет жанындағы жоғары ғылыми-технологиялық кеңес. Қысқасы, ғалым лабораториясынан өндіріске дейінгі тізбек толығымен өмірге келді. Ал оның жемісін көру – уақыттың еншісі. Бізге ғылым туралы жаңа заңның Мемлекет Басшысының тікелей нұсқауымен дәл осылайша өмір ақиқатына айналуы үлкен үміт ұялатады. Қалай болғанда да отандық өндірістік экономика отандық ғалымдар жаңалықтарымен байлп, дамуы керек қой. Мәселен, алпыащы АҚШ мемлекетінің экономикасында «Селикон жазығы» қандай қызмет атқарса, біздің жоғарғы ғылыми кеңес сол маңызға ие болып сол жүкті көтереді деп ойлаймын. Ашығын айту керек, елімізде осы уақытқа дейін алты технопарк, ғылымның алты саласы бойынша жұмыс істеп келді. Енді ол технопарктердің қатары тағы да көбейеді деген жоспар бар. Міне, аталған орталықтың жемісін елге жеткізуді Назарбаев Университетімен үкімет жанындағы жоғарғы ғылыми кеңес болып жатса бұл Қазақстан дамуының қайнар көзі ретінде қарастырылып, олардың жұмысына тек қана сәттілік тілеу керек секілді.

Есіме 1997 жылы мемлекет билігі Ақмолаға көшкенге дейінгі жаңа заманның алғашқы құрылысы – «Бәйтерек» жиі түседі. Мемлекет Басшысы ең алдымен өндіріске берері шамалы осы «символдық» қызметі ғана бар дүниенің өмірге келуіне неге ынталы болды екен деп ойлаймын. Бұған дейін де айтып кеткенімдей 1997 жылы «Қазақстан – 2030» стратегиялық даму бағдарламасы жарияланған болатын. Алайда, басында бұл бағдарламаның өзін қалың бұқара түгіл сауатты деп аталатын топтағылардың өзі қалай қабылдағанын жоғарыда аз-кем айтып кеттім. Осыған қарамастан, Елбасымыздың біразға тосын көрінген осынау екі қадамы қазір жемісін беріп жатқанын баршамыз білеміз. Ендеше, бұлар «сәйкестік» емес, Елбасымыздың көкейінде әбден пісіп жетілген ұлан-ғайыр мақсат пен мүдденің қабысуы еді десек, ақиқатқа жақындай түсеміз. «Қазақстан – 2030» стратегиялық даму бағдарламасы алыс болашақты көздейтін алып жоба болса, «Бәйтерек» қалың бұқараны қиялдағы ғажайыпты ақиқатқа айналдыруға талпындыратын, биіктерді бағындыруға бастайтын бір қозғаушы күш секілді. Меніңше елін шешуші жорықтарға көтеретін қолбасшы сол бұқараның санасында серпіліс тудырып, рухын жанитын бір белгінің қажеттігін ойлады. Бұл белгі қасиетті «Бәйтерек» бейнесінде көрініс тапты. Қарап отырсақ, бір-бірімен көзге көрінгісіз алтын өзек арқылы байланысып жатқан Елбасының осы екі жобасы елді жеңістерге, биіктерге бастаудағы қозғаушы күш қызметін атқарған секілді. Бүгінгі күннің биігінде тұрып, сонау 1997 жылдан бері не тындырдық десек, бәрі көз алдымызда. Күйзелген елдің еңсесі көтерілді. Шаңырақ басқа, дастарқан асқа толды. Ешкімге белгісіз Қазақстан Республикасы төрткүл әлем түгел мойындаған мемлекетке айналды. Халықтың турмысы мен әл-ауқаты жақсарып, экономика тоқтаусыз даму арнасына түсті.

тауардың бұл түрін экспорттаушы ірі мемлекеттің бірі болары сөзсіз. Жетіншіден, елдің әлемдік рынокқа шығу жолы басты қажеттіліктердің бірі десек, бұл жағынан алғанда да сындарлы саясатымыздың нәтижесінде «айымыз оңынан туған» мемлекет болып тұрмыз. Бірыңғай экономикалық кеңістік мүшесі ретінде 170 миллион тұтынушыға тікелей шыға аламыз. Оңтүстік Шығысымызда 1,5 миллиард халқы бар Қытаймен алыс-беріс уақыт озған сайын ұлғайғаны соншалық, Қазақстан «Батыс Қытай – Батыс Еуропа» транзиттік тасымал дәлізінің өзегін төсеуші ел болды. Қысқасы, Елбасы белгілеп берген жеңіл биікке жету үшін қажеттіліктің бәрі бар, ал кейбір қажеттіліктер алға басқан сайын жасалып жатқан Қазақстанның болашағы жарқын деуші сарапшылардың қатары көбейе бастаса, бұл ақиқатты көре алғандардың пікірі деу керек. Орайы келгенде айта кетейін, «2010-2020 индустриалды-инновациялық даму» бағдарламасы қазір қолда бар бір байлығымызды сапалық жағынан жоғары деңгейгешығарып, ел байлығы мен тұрмысын онан сайын жасарта түсетін бір жоба болғалы тұр. Мәселен, кен байлықтарына бай Қазақстан күні кешеге дейін шет елдерге негізінен өңделмеген шикізат жөнелтуші аймақ болып келді. Ал жаңа бағдарламамыз жүзеге асқан кезде оның нәтижесі экспорттағы жаңа тауарлы өндіріс үлесін молайту арқылы халықтың күнделікті тұрмысынан көрініс табады. Біз енді кен байлықтарын экспорттаушы елден, шикі мұнай экспорттаушы елден таза өндірістік металдар мен минералдарды, полимерлерді көптеп экспорттайтын мемлекетке айналамыз. Сондықтан да кеншіден ұқсатушы фирмаларда жұмыс істейтін мамандардың жалақысы көп болатыны себепті тұрмыс жақсарады. Мәселен, темірдің кен топырақтарын экспорттағанда алатынымыздан гөрі таза темір сатқанда түсіретін табысымыз 2-3 еседей мол болады ғой. Ал мұнай экспорттағандағыдан соның өнімі полимерлерді сатқанда табатынымыз 10 еседей артық. Қорыта айтқанда, ел экономикасының сапалық жаңғыруы халық тұрмысына тек қана оң әсер ететін, ал ұлттық интеллектуалдық қасиетті жоғары деңгейге көтеретін бір серпінді жоба болары сөзсіз. Аграрлық салада да жоғарыда айтып кеткеніміздей еңбеккерлер табысының аз болуы негізінен шикізат сатып келгендігіміздің салдары. Енді бұл саланың экспортында таза бидай үлесі азайып, оның орнына ұн, нан-тоқаш, макарон, ет, шұжық, сүт секілді дайын өнімдер шыға бастаған кезде еңбек өнімділігі жоғарылайтындығы былай тұрсын, қосымша құны мол тауардан түсетін кіріс көлемі ұлғаяды. Мұның нәтижесі ауылдарда тұратын ағайындар өмірінен нақты көрініс табары сөзсіз. Жалпы алғанда осы кезеңге дейінгі өңгімедегі нақты мысалдардан мынадай қорытынды жасауға болады: «Қазақстан - велосипед ойлап табушы ел емес, өз мүмкіндігін экономиканың өңдеуші, ұқсатушы саласын дамытуға жұмылдыра отырып, содан түсетін қосымша құн кірісі арқылы ел дамуын жеделдетіп, халқының тұрмысын жақсартуға бағыт ұстанған мемлекет». Иә, біз бар болғаны қолдан келетін істі ғана өз жоспарымызға енгізген ел болып тұрмыз.

Дәл осы тұста отандық ғылым деңгейі қандай деген орынды сұрақ туады. Өйткені, еліміздің бұдан былайғы дамуы тек қана ғылымның деңгейімен өлшенбек. Бұл тұрғыдан алғанда да еліміз дтітгенге меже биігінен көріне алатынына сенім мол. Отандық химия, физика, инженерия, биология, микробиология, математика ғылымдары әлемнің кез келген мемлекеттеріндегі ғылыммен иық теңестіре алады. Бұлай деп батыл айтатын себебім, қазақтардан кезінде КСРО державасының стратегиялық бағдарламалары бойынша ғылыми-зерттеу жобаларына қатысып, әлемде теңдесі жоқ жаңалықтар ашқан ғалымдар және сол ғалымдар негізін қалаған кешенді мектептер бар. Отандық ғылым мектебі қазірдің өзінде теңдессіз нәтижелерін бере бастады. Мәселен, ядролық энергия өндірісі саласындағы жетістіктеріміз осы сөзімнің толық дәлелі болады. Сондай-ақ теміржол, көпірлер құрылысы салаларында да отандық ғалымдар өндіріске қазірдің өзінде үлкен пайда келтіруде. Бұл топқа отандық химия ғылымы саласындағы таланттарды да қосуға болады. Еліміздің химиктері дүниеге әкелген көптеген жобалар бұл күндері ел игілігіне айналып жатса, енді бірқатары өндіріске жолдама алған. Қай жағынан алғанда да біздің ғалымдар отандық экономиканы озық технологиямен байытудың тірегі болары сөзсіз.

Біз осы уақытқа дейін өмірлік қажетті үш тіреудің басын біріктіре алмай жүрдік. Білім – ғылым – өндіріс үштігінің басын қосатын нақты заң былтыр қабылданып, бұл күндері жұмыс істеп жатыр. Өндірісті дамытушы ғылымды инвестициялаудың халықаралық қалыптағы жүйесі енді біздің ел өміріне де ене бастады.



1 февраля 2012 года состоялся круглый стол на тему «Послание Главы государства: новый прорыв и основные приоритеты», организаторами которого выступили ректорат и кафедра всемирной истории и социально-политических дисциплин факультета истории и права ЗКГУ им. М.Утемисова. Участники круглого стола обсуждали очередное Послание президента страны своему народу «Социально-экономическая модернизация – главный вектор развития Казахстана».

Послание президента: больше внимания молодому поколению

Открывая мероприятие, доктор исторических наук, первый проректор ЗКГУ А.С.Тасмагамбетов отметил программный характер послания, имеющий десять основных направлений. Из них важным для вуза является качественный рост человеческого капитала, что предполагает особое внимание ко всем этапам образования, в частности, качеству образования в вузах.

Свое выступление Т.Т.Шайхиев, преподаватель кафедры всемирной истории и социально-политических дисциплин, посвятил теме «Қазақстандық модернизация - өлем көз тіккен үлгі» («Казахстанская модернизация – объект пристального внимания всего мира»), в котором дал краткий анализ политического и экономического положения и значения Послания для дальнейшего развития Казахстана.

Кандидат философских наук, доцент, завкафедрой всемирной истории и социально-политических дисциплин К.М.Науанова прочла доклад на тему «Повышение благосостояния народа как приоритетное направление социально-экономической модернизации Казахстана». Сейчас важным является тема занятости населения, как фактора благосостояния казахстанцев, которое имеет не только количественное измерение, но и качественные характеристики. Наш университет ставит своей целью формировать специалиста новой формации – конкурентоспособного на мировом трудовом рынке. А это, прежде всего, повышение качества преподавания в школах и вузах. Наш университет предлагает образовательные программы, качество которых соответствуют современным требованиям. Свидетельством этого выступает обучение студентов Астраханского госуниверситета в нашем вузе.

Другим примером креативного подхода к развитию инновационного образования является проект создания парка информационных технологий на базе центра информационных и образовательных технологий ЗКГУ им.М.Утемисова.

Благосостояние народа является заботой не только государства, но и граждане должны активно влиять на повышение своего благосостояния - вкладчики должны иметь возможность влиять на инвестиционную политику пенсионных фондов; человек должен заботиться о своем здоровье: «человек должен понимать, что ему не выгодно болеть». У нас бесплатное здравоохранение, но будущее - за страхованием в медицине, как это сейчас делается в пенсионных фондах. «Государство движется к народу», - резюмировала К.Н. Науанова.

На обсуждение круглого стола Н.М.Антонова, кандидат экономических наук, доцент кафедры экономической теории и бизнеса, вынесла проблему повышения уровня человеческого капитала как фактора индустриально-инновационного развития Казахстана. «Человеческий капитал – не простое количество людей, работников простого труда. Человеческий капитал – это профессионализм, знания, информационное обслуживание, здоровье и оптимизм, законопослушность граждан, креативность и эффективность элиты и т.д. Человеческий капитал формируется, прежде всего, за счет инвестиций в повышение уровня и качества жизни населения. В том числе - в воспитание, образование, здоровье, знания (науку), а также в культуру, искусство и другие составляющие».

-Западно-Казахстанский государственный университет - это региональный ВУЗ, и наша основная задача - готовить

квалифицированные кадры для нашего региона, которых, как мы понимаем, не хватает. И нам надо работать в этом плане более целенаправленно, - было сказано в докладе.

Следующим на обсуждение был зачитан доклад Г.А.Ергалиевой, кандидата педагогических наук, завкафедрой общей педагогики, психологии, самопознания, на тему «Елбасы Жолдауындағы педагогтардың жаңа буындарын даярлау мәселелері» («Проблема подготовки педагогов новой формации в свете Послания»). Современные студенты и школьники сильно отличаются от их сверстников прошлых десятилетий. В связи с этим необходимо обновление учебного процесса, повышение уровня знаний самих преподавателей.

Свое мнение на тему «Елбасы Жолдауы – Қазақстан дамуының кепілі» («Послание Президента – основа гарантии для развития Казахстана») на круглом столе высказал студент 4-го курса специальности «Государственное и местное самоуправление» Н.Тажкенов.

Обсуждая выдвинутые докладчиками круглого стола вопросы и проблемы, М.Г.Кайырбаев, начальник отдела информационной политики и мониторинга СМИ, сказал, что ЗКГУ вполне по силам быть в числе передовых учебных заведений. Университет всегда готовил и готовит профессионалов. Доказательством тому немало известных людей, имеющих диплом нашего вуза. От имени областного актива он поблагодарил преподавателей за хорошую работу.

О том, что пункты Послания в жизни нашего университета обретают вполне реальные жизненные очертания, сказал проректор по научной работе и международным связям, доктор исторических наук, профессор А.К.Муктар. К примеру, решается жилищная проблема: строится новое общежитие для студентов, для молодых специалистов – жилой дом.

-Наконец мы всерьез говорим о воспитательной работе, - вступила в обсуждение проректор по воспитательной работе и социальным вопросам Т.М.Даришева. Воспитательный момент особым образом выделен в пункте повышения образования молодежи. «Необходимо воспитывать в молодежи патриотизм, профессионализм и высокую мораль. Только тогда мы получим достойное общество», - сказала Туймеш Малбагаровна.

По окончании обсуждения участники круглого стола приняли резолюцию.

Марта ДЖУМАГАЛИЕВА

Жолдау жолымен

Салауат КАЖИАХМЕТОВ,
биология және экология кафедрасы
меңгерушісінің міндетін атқарушы

Елбасының биылғы Жолдауы – халықты жұмысқа орналастыру, азаматтарды, әсіресе жастарды тұрғын үймен қамту, өңірлерді дамыту, халыққа қызмет көрсету сапасын жақсарту, сот және құқық қорғау жүйелерін жаңғырту, білім беру мен денсаулық сақтау салаларының сапалық деңгейін арттыру, зейнетақы жүйесін жетілдіру, индустриалдық-инновациялық даму шеңберін кеңейту, ауыл шаруашылығын дамыту сияқты мәселелерге жан-жақты, нақты талдау жасалынып, осы салалар алдында тұрған мақсат-міндеттерді айқындап беруімен ерекшеленді. Соның ішінде біз секілді білім беру саласының мамандары үшін биылғы Жолдау бірнеше ауқымды міндеттер жүктеп отыр. Атап айтар болсақ, бұл оқыту, білім беру ісінде қазіргі заманғы әдістемелер мен технологияларды енгізе отыру білім сапасын жетілдіру, педагог құрамының сапасын арттыру, алған біліктіліктерін бекіту, оқыту үрдісінде тәрбие беру мәселесін күшейту, қолға алу.

Бәсекеге қабілетті мамандар дайындау ісінде осы құндылықтарды әр сабақта, әрбір мерекелік және тәрбиелік шаралар барысында студент жастар бойына сіңіріп отыруымыз қажет. Жолдауда көрініс тапқан тағы бір мәселе – бұл жастардың қолжетімді тұрғын үйлермен қамтамасыз етілуі. Бұл да болашақ мамандарды жұмысқа тарту барысындағы өзекті мәселе. Жас мамандарға жан-жақты қолдау көрсетіліп, қолжетімді тұрғын үйлермен қамтамасыз етілсе, олардың да жұмыстары жанданып, еліміздің даму деңгейі одан сайын арта берері сөзсіз.

Елбасы Жолдауы алдымызға үлкен талаптар мен мақсаттар қойып отыр. Жолдауды жүзеге асыру әрбір қазақстандық үшін қасиетті борыш деп санаймын.

■ Мерейтой

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінде оқытушы, педагогика ғылымдарының кандидаты, өнертанушы ғалым, Ы.Алтынсарин атындағы төсбелгі иегері Меңдіғаным Мергенбайқызы Нағымованың мерейлі 50 жасқа толуына орай мерекелік кеш өтті.



Ұстаз есімі ұлықталған мерекелік кешке Меңдіғаным Мергенбайқызының шәкірттері, университетіміздің мақтаншытары, облыс, республика көлемінде жоғары жетістіктерге жетіп жүрген бір топ өнер адамдары қатынасты. Кештің жүргізушісі, әрі ұйымдастырушысы Қуаныш Лабибулы Қисметов шара барысын мерейтой иесінің өнегелі өмірі жайында қызықты сауалдар қоя отырып, әдемі ербіте білді. Мерейтой иесін құттықтай келген университетіміздің әр түрлі жылдардағы түлектерінің арасында Мира Сүндетова, Шынар Каюпова, Таңат Жексенбаев, Тимур Тапалов, Мейірбек Қаберов, Миржан-Азиз Есқалиевтер, Жаңылсын Хасанова, Майра Хайдарова, Жігер Құмаров, Шынарбек Баубеков, Аслан Боранбаев, Айтемір Дәулетқалиев, Асланбек Шайхин,

Ұстаз есімі ұлықталды...

Гүлмира Утегенова, Альберт Ғазизжанов, Мұратжан Османов, Дастан Есентеміров, Раушан Қуанышалиева, Ислам Мықтыбаев, «Үш қоңыр» тобы сынды өнер әлеміне қанат қаққан талантты әншілер болды. Олар өз ұстаздарына деген шәкірттік алғыс сезімдерін жүрек жарды тілектерімен, әуелеген әсем өнмен жеткізді. Меңдіғаным Мергенбайқызы жүздеген шәкірттері үшін мәңгі жылулық пен парасаттың, шынайылық пен адамгершіліктің символындай.

Өмір өрнектері өзгеше өрілген ұлағатты ұстаз Меңдіғаным Мергенбайқызының 50 жасына арналған мерекелік кеш соңы мерейтой иесіне арналған әріптестері мен шәкірттерінің құттықтауларына ұласып, кеш көрігін қыздырды. Осынау кешті тамашалаған студенттер қауымы көп нәрсені саналарына сіңіре отырып, тәуелсіз еліміздің еркін ұландарын тәрбиелеуде бар қажыр-қайратын аямай жұмсап келе жатқан саликалы ұстазға деген ризашылық сезімдерімен тарапты. Көпшілік көңілінен шыққан аталмыш кеш ұстаз деген мамандықтың өзі - үлкен абайрой, ал жақсы ұстаз болу – мақтанш екенін тағы бір мәрте дәлелдеп берді.

Елдана АСЫЛХАНОВА

Елбасының биылғы Қазақстан халқына Жолдауына сәйкес 8-ші ақпан күні БҚМУ ғылыми кітапханасында «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» атты оқырмандар конференциясы өтті.

ЖОЛДАУ жастар назарында

Оқырмандар конференциясын университетіміздің ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар жөніндегі проректоры Әбілсейіт Қапизұлы Мұқтар ашты.

Жиынға қатысқан студенттер, магистранттар Жолдауға қатысты өз ойларын білдірді.

Бүгінгі таңда елімізде білім сапасын арттыру үшін инновациялық технологиялар барынша енгізілуде. Білімнің халықаралық талаптарын меңгерудің маңызы үлкен. Өйткені бұл жас ұрпаққа сапалы білім берудің негізі болып табылады. Осы бағыттарға сәйкес ғылыми кітапхана іс-қызметі де қалыс қалған емес. Жаңа технологияларды енгізу қажеттігіне сәйкес, біздің университетімізде электронды кітапхана 2005 жылдан бастап студенттер мен оқытушыларға қызмет көрсетіп келеді. Қазіргі таңда жаңа компьютерлермен жабдықталып, электронды оқулықтармен студенттеріміз дәріс алуда. Жаңа ақпараттық технологияларды қолдану тәсілдері: электронды каталог, электронды оқулықтарды компьютер арқылы оқу, аудио-видео материалдар көмегімен, сондай-ақ, «ЭЛАР ПланСкан «А» жаңа толқындағы сканер аппаратының көмегімен ақпарат алып, қолайлы және тез арада оқырмандар сұранымын орындау үстіндеміз. Қажет басылымдарды электронды нұсқаға тез арада айналындыру жаңа толқындағы сканер ЭЛАР ПланСкан «А» сериясы аппаратының көмегімен жүзеге асып, кітапхананың электронды ақпараттық қорын кеңейтуде маңызы зор.

Ғылыми кітапхана тарихы мен іс-қызметі туралы ақпарат университет сайтының www.wksu.kz «БҚМУ сайттары» айдарында топтастырылған, өз www.library.wksu.kz электронды поштасы бар. Онда жүйелі түрде жаңалықтар, хабарландырулар, «Ғылыми кітапхана тарихы», «Жаңа әдебиеттер бюллетені», «Виртуалды көрме», «Библиографиялық көрсеткіш» бөлімдері беріліп, т.б. электронды ресурстар жарияланып отырады.

Ғылыми кітапхана электронды деректер базасы «Thomson Reuters Springer» компаниясының пәнаралық және аз мамандандырылған мәліметтер базасын қоса алғандағы «Web of Knowledge» атты мультидисциплинарлық электронды ғылыми-зерттеу платформасын пайдалану туралы келісімшартқа отырды.

Ғылыми кітапхана PQOT; РФФИ (Ресей зерттеу фундаменталды қоры) www.rfbr.ru; ҚР ҰАК (ҚР Ұлттық Академиялық Кітапханасы) www.kazneb.kz; POLPRED.com электронды мәліметтер базаларымен байланыс орнатып, электронды деректер базасын пайдалана алады.

Тоты-құс АЛИМБЕКЕРОВА,
ғылыми кітапхана директоры

Именно такого безапелляционного ответа должны добиться преподаватели Западно-Казахстанского государственного университета им.М.Утемисова от выпускников школ Западно-Казахстанской, Атырауской и Мангистауской областей. На это нацелена работа отдела профориентации, приема и связи с учреждениями образования (ОППСУО), работу которого возглавляет А.Аманбаев.

Куда пойти учиться? Да не вопрос - в ЗКГУ!



Одно из направлений работы отдела – выезд агитационных рабочих групп в школы области. За полгода работы отдела они посетили общеобразовательные школы Акжайыкского, Бурлинского, Бокейординского, Зеленовского, Казталовского, Каратабинского, Сырымского, Теректинского, Таскалинского, Чингирлауского районов. В орбиту профориентационных работ в этом году помимо школ Западно-Казахстанской области включены школы и колледжи Атырауской и Мангистауской областей.

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінде кәсіби бағдар, қабылдау және білім беру мекемелерімен байланыс бөлімінің ұйымдастыруымен 21-24 ақпан аралығында жоспарланған кестеге сәйкес қалалық мектеп оқушыларына арналған байқау тестілеуі болып өтті.



Байқау тестілеуі

Қазіргі таңда білім беру ұйымдарын бағалау, олардың нақты рейтингісін көрсету, оқушылардың және мұғалімдердің білім алуудағы жоғары нәтижелеріне талпынысын ынталандыру – Ұлттық бірыңғай тестісін өткізуді қажет етіп отыр. Мектеп түлектері арнайы төрт пән және қосымша таңдау пәндері бойынша сынақ тапсыруда. ҰБТ өткізілетін міндетті 4 пән: математика; Қазақстан тарихы; қазақ немесе орыс тілі (оқыту тілі); қазақ тілі орыс тілінде оқытатын мектептер үшін немесе орыс тілі қазақ тілінде оқытатын мектептер үшін; жоғары оқу орындарына қабылдаудың үлгі ережелеріне сәйкес таңдалған мамандықтарға байланысты пәндердің біреуі (5-пән ҰБТ кезінде көрсетіледі): физика, химия, биология, география, дүниежүзі тарихы, қазақ әдебиеті (орыс әдебиеті) және шет тілі.

Әрбір пән бойынша тест тапсырмаларының саны — 25 сұрақтан тұрады, сынақ уақыты — 3 сағат.

Оқушылар ұлттық бірыңғай тестілеуге дайындық ретінде жүргізіліп жатқан байқау тестілеуі кезінде сынақтың жүгі ауыр екендігін, әрине, жақсы көрсеткішке ие болу үшін жан-жақты оқу, көп іздену керектігін ұғынуда. Бүгінгі күннің басты талабы болып отырған бұл жайтты оқушылардың психологиялық дайындығының жақсы екендігінен де аңғаруға болады.

- Қалалық білім басқармасымен ұйымдастырылған бір апта көлеміндегі қалалық санаттағы жалпы білім беретін мектеп (мектеп-интернат, лицей) түлектері сынақ тапсырып өтті. Облыстық мектептердің оқушылары аудан орталықтарында байқау тестілеуінен өтті. Байқау тестілеуі талапкерлердің жергілікті жерде тест тапсырып, жоғары нәтижемен еліміздің кез-келген ЖОО-сына түсуіне дайындалуына мүмкіндік беріп отыр. Тест сұрақтары терең талданып, сараптаудан өткен. Тест сұрақтарына тек мектеп бағдарламасындағы сұрақтар енгізілген. Олардың ішінде жеңіл сұрақтар азайған, орташа деңгейдегі сұрақтар көбейтілген. Соңғы уақытта талапкерлердің техникалық мамандыққа деген ықпалы артып, физика, химия, биология пәндерін бесінші пән ретінде таңдауы көбейген. Мектеп бітірушілер үшін мемлекеттік грант конкурсына қатысу және республикамыздың жоғары оқу орындарына ақылы негізде оқуға түсу үшін шекті деңгей 60 балға дейін бағаланып отыр. Сынақ тестілеуден оқушылардың қанша балл жинағанын, балдарына сәйкес алған бағалары мен тест жауаптарын әр мектеппен байланыс жасап, жолдап отырмыз. Осы тиімді сәтті пайдалана отырып, мектеп оқушыларына әр кафедра жарнамалық ақпараттар беріп, үгіт-насихаттарын жүргізді.

Бақылау тестісі ережеге сәйкес жүргізілді, осы сынақ барысында ұялы байланыс телефонын және шпаргалка пайдаланғаны үшін сегіз оқушыны тест тапсырудан босаттық,- дейді кәсіби бағдар, қабылдау және білім беру мекемелерімен байланыс бөлімінің жетекшісі Асқар Аманбаев.

Оқушыларына жаны ашып, жіті көңіл бөліп,

Итогом полугодовой работы ОППСУО стало создание базы выпускников 2012 года, изъявивших желание поступать в наш университет, куда вошли контактные данные 720 учащихся трех вышеуказанных областей с указанием выбранного направления подготовки в вузе и пятого предмета ЕНТ для адресной работы с выпускниками.

610 школьников области посетили общеуниверситетский «День открытых дверей». Организаторы – отдел профориентации, приема и связи с учреждениями образования – планируют провести в феврале-марте такие дни по факультетам.

- Среди кафедр, активно работающих с выпускниками хочется отметить кафедру «Химия» (преподаватели Г.Г.Капанова, М.З.Хабдулхаликова, Д.Ж. Базарова), заведующую кафедрой «Физическое воспитание» М.Х.Темиргалиеву, и.о. заведующего кафедры «Общая педагогика, психология и самопознание» Г.А.Ергалиеву, декана естественно-математического факультета А.Б.Медешову, - отметил Асқар Саинович. - В то же время следует признать профориентационную работу некоторых кафедр неудовлетворительной.

В текущем 2011-2012 учебном году каждый преподаватель вовлечен в профориентационную работу, норма на преподавателя составляет 5-7 человек. Итоги будут подведены в августе 2012 года.

Марта ДЖУМАГАЛИЕВА

түлектердің жақсы көрсеткішке қол жеткізетіндеріне сенім артып отырған кезекші мұғалімдері мен ұстаздары өз ойларын былайшы өрбітті.

БАЛАҒАЛИЕВА Алтын Серікқызы, Серебряково жалпы орта білім беретін мектебі директорының оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: - Емтиханға дайындық өте жақсы деңгейде өтті. Қыркүйек-қазан айларынан бастап барлық мектептерде тестілеу сынағы жүргізіліп жатыр. Балалар ҰБТ-да жақсы баға алуы үшін білім басқармасының қызметкерлері, аудандық, қалалық білім бөлімдерінің мамандары, мектеп мұғалімдері бірлесіп жұмыс істеуде. Қазір қай пәннен болмасын ҰБТ-ның орташа балы өсіп келеді. Қазіргі таңда айына екі рет балалармен тест жұмысын өткізіп отырмыз. Сабақтан кейін түс қайта сағат 15.00-ден 19.00-ге дейін оқушылар дайындалады. Тест өткеннен кейін оқушылар талдайды, талқылайды, қиын сұрақтар болса, дұрыс жауабын қарастырады. Ата-аналар да балаларына алаңдаушылық білдіріп, мектеппен тығыз байланыс жасап, әр сынақ қорытындысымен танысып отырады. Былтырғы жылмен салыстырғанда биыл оқушылардың талпынысы жоғары. Мектептен 14 оқушы әкеліп отырмын, солардың екеуі үздік аттестатқа үміткерлер. Биыл қабілеттері жоғары, зейіні тұрақталған оқушылар таңдау пәндерін нақты анықтаған оқушылар. Сондықтан биылғы түлектеріміздің жақсы көрсеткішпен оқуға түсулеріне үлкен үміт артып отырмыз.

ЖҰМАҒАЛИЕВА Орынгүл Аманжолқызы, №41 ЖОББМ тарих пәні мұғалімі: - Біздің мектептен 20 оқушы қатынасып отыр. Оқушылардың дайындығы жақсы. Материалдар жеткілікті, ата-аналар жағынан да қолдау жасалып отыр. Балаларының болашағына алаңдап, мектептегі дайындау тестісінен қалдырмай, қорытындыларынан хабардар болып отырады. Біздің мектептің балалары жан-жақты, білімге құштар, әрқайсысы облыстық, республикалық деңгейде өтіп жатырған пәндік олимпиадалардың, байқау, ғылыми жобалардың жеңімпаздары. Қадырболатов Аманат, Ақылбеков Қанат, Есентай Айдана, Халиоллұева Айнагүл, Серік Ажар секілді болашағынан зор үміт күттіретін дарынды оқушылар бар.

МҰРАТОВА Әйгерім, Ө.Молдағұлова атындағы ЖОББМ 11 «а» сынып оқушысы: - Мен бүгін бақылау сынағынан алған бағама көңілім толып тұрған жоқ. 81 балл жинаппын. Таңдаған пәнім - ағылшын тілі. Ағылшын тілі курстарына барып, әрі мектептегі ұстазым Мұхтарова Гүлдана Сәрсенғалиқызының жетекшілігімен дайындалдым. Дайындалған таныс сұрақтар да, қиын сұрақтар да кездесті. Әсіресе, ел тану бағытындағы сұрақтардың жауаптары шаттастырды. Бұл пәнді таңдауда ата-анамның, ұстаздарымның ықпалы болды, өзіме ұнайды. Осы тест тапсыру барысында кезекшілік еткен аға-апайлар қаталдау болды, еш қимылдатпады, орнымызды ауыстыруға, тест кітапшамызды алмастыруға, шпаргалка пайдалануға болмайды. Тест басталмай жатып бір оқушыны шпаргалка ұстағаны үшін шығарып жіберді. Осындай сәттерінен кейін ертеңгі тапсыратын тестке қорқынышпен қараймыз. Әркім өз білімінің күшімен тапсырып шығатындығын ұғындым. Әлі де дайындықты күшейтуіміз қажет.

Өз тілшіміз

Ректор блогы

Сұрақ—жауап

Қадірменді студент қауым және оқытушылар, университетіміздің сайтында ректорға жолдайтын сауалдарыңызды ректордың блогы терезесі арқылы үш тілде жолдай аласыздар. Студенттер көкейлерінде жүрген, оқуға, тұрмысына, басқа да мәселелерге қатысты өз сауалдарын жолдаған екен. Ректордың келісімімен университеттің басшылығы және сауалға қатысты мәселелерге жауап беретін бөлім жетекшілері жолданған сауалдарыңызды аяқсыз қалдырмай жауап береді. Біз солардың бірқатарын назарларыңызға ұсынып отырмыз.

Вопрос: Назгуль: - Здравствуйте. Мы, студенты педагогического факультета, хотели бы к вам обратиться с просьбой повысить нам проездные в связи с высокой оплатой за проезд. Просим рассмотреть нашу просьбу, надеемся, что она не останется без внимания. Заранее благодарим Вас за понимание. Психологи.

Ответ: Здравствуйте, Назгуль! Проездные пособия зачисляются на картсчета за счет средств областного бюджета. С вопросом повышения проездных пособий можно обратиться в Отдел образования г.Уральска по телефону: 25-40-48, 50-75-32

Сұрақ: Айгүл Саламатқызы: - Сәлеметсізбе? Кешіріңіз, мен осы оқу орнына биыл түстім. Осы оқу орнының сабақ кестесіне түсіне алмай жүрмін. Біз түгелге жуық сабақтың кезінде 6 группа болып отырмыз, жақсы, ол тек дәріс болса жақсы, ал СОӘЖ кезінде 43 адам қалай сабақ айтып үлгереміз? Аптасына 1 СОӘЖ болады. Мен өз басым сабақтан қалып кейін тапсырам, үлгермегендіктен. Сонда менің бос уақытым апайлардың бос уақытына кететін болса, мен қоғамдық жұмыстарға қалай үлгеремін. Әлі сабақ кестесі тұрақты емес, неге?

Жауап: Сабақ кестесінің үрдісіне сәйкес, кестенің құрылуы өзіндік жұмысқа байланысты тақ және жұп жұмаларына бөлініп, бекітілген графикпен тұрақты кесте шығарылады. Бекітілген графикте менеджмент мамандығы 09102 қазақ тобының кестесінде, №42 поток бойынша СОӘЖ 41 студентке өткізіледі. Ал СОӘЖ кредит санына байланысты 23 болса, ол 15 аптаға бөлгенде тең шықпайды, сондықтан тақ апта және жұп апта болып кесте тұрақты шығарылады. СОӘЖ сабағында 25-30 студент санына дейін біріктіруге болады және 50 студент санынан аспауы керек. Кредиттік оқыту технологиясы бойынша топтарда СОӘЖ сабақтарында 50 студентке дейін отыру рұқсат етіледі.

Вопрос: Yurist: - Асхат Салимович, здравствуйте! Я хотел бы узнать у вас о военной кафедре. В нашем университете она скоро откроется?

Ответ: Добрый день, благодарим Вас за обращение. Если Вы внимательно читаете наш блог, то мы уже давали ответ по такому же вопросу. Согласно Закону Республики Казахстан «О воинской обязанности и воинской службе» (с изменениями и дополнениями по состоянию на 10.01.2011 г.) гл. 2 ст. 14 Военная подготовка граждан по программе офицеров запаса проводится на основе поступающего высшего образования в соответствии с государственным заказом на военных кафедрах. До 2008 г. на военной кафедре в ЗКАТУ на платной основе обучались студенты других ВУЗов, имеющих лицензию на образование, в том числе и студенты из ЗКГУ им. М.Утемисова. С 2008 г. по решению Министерства обороны на военной кафедре ЗКАТУ обучаются только студенты ЗКАТУ политехнического факультета и специальности «Ветеринарная санитария».

Вопрос: Нурсултан: - Хотелось бы узнать о конкурсе проектов на Грант ректора ЗКГУ, о которых рассказывали на дне открытых дверей. Факультет филологии, журналистика. Каковы темы, виды проектов, их сроки и условия сдачи? Огромное спасибо. Нурсултан Уразалиев.

Ответ: Добрый день, Нурсултан! По Вашему вопросу мы можем дать следующую информацию. Студенты, обучающиеся в университете на «отлично» и имеющие успехи в спортивной, творческой, общественной работе, по окончании 2 курса могут претендовать на конкурсной основе на получение именных стипендий – их 23. Наряду с этим успешным студентам с учетом социального положения выделяются и гранты ректора ЗКГУ или делается скидка в оплате за обучение. Подробную информацию можете получить по телефону: 50-44-20.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Оқытушылар мен студенттер үшін университетімізде терапевт-дәрігер, кардиоматолог Досумова Татьяна Абдрахманқызы жұмыс жасайды. Өз денсаулығын тексертікі келетіндерге университеттің Студенттік көшесі, 1 мекенжайындағы студенттер жатақханасында орналасқан медициналық пунктке хабарласуларына болады. Анықтама телефоны: 51-41-64 (110).

ОБЪЯВЛЕНИЕ

Для студентов и преподавателей в университете работает врач-терапевт, кардиоревматолог Досумова Татьяна Абдрахмановна. Желающие проверить состояние своего здоровья могут обращаться в медпункт, расположенный в здании общежития ЗКГУ, по адресу: ул. Студенческая, 1, тел.: 51-41-64 (110).



Р К Е Н



№ 2 (874) ақпан 2012 жыл





Р
К
Є
Н

№ 2 (874) ақпан 2012 жыл

8

Экономика - танымы терең сала

Экономика және басқару
факультетінің Жаршысы



Ұстаз келбеті

ҮЛКЕНГЕ - ҚҰРМЕТТІ, КІШІГЕ ҮЛГІ ТҰЛҒА



Жақсы мұғалім — бұл қай кезде де ең алдымен кәсіби деңгейі жоғары, интеллектуалдық, шығармашылық әлеуеті мол тұлға. Ол оқытудың жаңа технологияларын өмірге ендіруге дайын, оқу-тәрбие ісіне шынайы жанабырлық танытатын қоғамның ең озық бөлігінің бірі деп есептеледі. Және солай болуға тиіс.

Бүгінгі әңгіме жақсы оқытушы болумен қатар, тәжірибесі мол, оны теориямен ұштастырудың зор шеберлігі хақында болып отыр. Жаны ізгі, қашан көрсен де жүзінен шуақ төгіліп тұратын ұлағатты ұстаздардың бірі, құрметті азамат, көп жылдан бері ауданда, облыс көлемінде басшылық қызмет атқарған, бүгінгі таңда университетіміздің экономикалық теория және бизнес кафедрасының ғылым кандидаты, доцент Баетов Темірболат Мұхамбетұлы жайында.

Баетов Темірболат Мұхамбетқалиұлы Орынбор облысында 1940 жылы дүниеге келген. 1958-1961 жылдары Орал ауылшаруашылығын механикаландыру техникумын, одан кейін Ауылшаруашылық институтын тәмамдап, Москва қаласынан экономика мамандығы бойынша білім алып шықты. Еңбек жолын қарапайым тракторшы болудан бас-тап, бөлім бригадирі, бөлім басшысы, партком хатшысы, колхоз директорының орынбасары, совхоз директоры, Теректі ауданы әкімшілігінің басшысы қызметіне дейін көтерілді. Бірнеше жыл облыстық депутат болды. Темірболат ағайдың көп жылдық еңбегінің нәтижесін «Ленин Ордені», «Құрмет белгісі», «Адал еңбегі үшін» алған медальдарынан көруге болады. 2008 жылы Темірболат ағай доцент ғылыми атағын алды. Университетімізде «Мемлекеттік және жергілікті басқару» мамандығында оқитын студенттерге дәріс береді. Темірболат ағай бүгінгі таңда тәжірибесін теориямен ұштастырып, өз білгенін студенттерге үйретіп, сабағын қызықты етіп өткізеді. Әрқашан студенттерге ерінбей еңбек етуге шақырып, білімді шыңдауға күш салу керектігін айтып отырады. Студенттерге білім беріп қана қоймай, сараманнан өтуші студенттерге бағыт-бағдар беріп, үлкен көмегін тигізуде.

Мариям ЖҰМАҒАЛИЕВА,
экономика және басқару факультеті деканының
тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

Путь льётся свет её души...

Магрипа Аубакировна Мансурова родилась 1 января 1949 года в пос. Аралтобе Джамбейтинского (Сырымского) района. После окончания в 1966 году школы №523 ст. Казахстан Бурлинского района поступила в Западно-Казахстанский СХИ на специальность «Бухгалтерский учет в сельском хозяйстве», в декабре 1970 года получила диплом с отличием с квалификацией «экономист по бухгалтерскому учету». С января 1971 года по октябрь 1975 года работала преподавателем экономических дисциплин в Уральском техникуме механизации сельского хозяйства. С октября 1975 года по август 2006 года работала ассистентом кафедры «Экономика соц. с/х», затем старшим преподавателем, доцентом, заведующим кафедрой, деканом экономического факультета ЗКАТУ им. Жангир хана. В период с 1980 по 1983 годы обучалась в очной аспирантуре Украинской сельскохозяйственной академии г. Киева. В 1989 году защитила диссертацию на соискание ученой степени кандидата экономических наук в НИИЭОСХ им. Г.Шлихтера. В 1992 году получила ученое звание доцента экономики.

С августа 2006 года является заведующей кафедрой «Менеджмент и маркетинг», «Менеджмент и ИТ», «Менеджмент и предпринимательство» ЗКГУ им. М.Утемисова.

За годы работы подготовила аспирантов Н.С.Калдыбекова, Р.С.Габдуалиеву (ныне доктор экономических наук) на соискание ученой степени кандидата экономических наук.

За время работы в ЗКГУ им. М.Утемисова М.А.Мансурова вела лекционные занятия по дисциплинам «Экономика предприятия», «Экономика зарубежных фирм», «Стратегическое планирование», «Организационное поведение» и т.д. Осуществляла руководство дипломными работами, а также магистерскими диссертациями по специальности 6N050600 - «Экономика».

Магистрант Д.Мергенов после окончания магистратуры поступил на обучение в Турцию – на докторантуру Ph.D. Под ее руководством успешно защитили магистерские диссертации Б.Адимов, А.Таниева, А.Кадырмухамбетова.

Во всех сферах народного хозяйства области и республики работают ее выпускники и дипломники, которые с большим уважением и благодарностью вспоминают Магрипу Аубакировну.

Магрипа Аубакировна – именно тот человек, который должен работать в сфере образования, она - ум, интеллект, эрудиция, грамотность, профессионализм и вместе с тем бесконечная доброта, чуткость, внимательность к коллегам, готовность прийти на помощь.

За многие годы совместной работы с ней мы узнали ее с разных сторон: это и заботливая мама, и жена, и бабушка. В ее большом уютном доме всегда доброжелательно и благодушно принимают гостей, ее фирменные манти - просто незабываемы, об этом скажет любой, кто хоть однажды попробовал их!

В преддверии приближающегося Международного Женского дня 8 Марта коллектив кафедры поздравляет Магрипу Аубакировну с замечательным праздником и желает ей крепкого здоровья, дальнейших творческих успехов и семейного благополучия.

**Коллектив кафедры
«Менеджмент и предпринимательство»**



МАТЕМАТИКА в нашей жизни

Математика занимает важное место в нашей жизни. Особенно в жизни экономистов. Представьте себе жизнь без математики, что бы вы делали? Как считали, делали расчеты?

Высшая математика – наука сложная и дается далеко не каждому. Но благодаря одному преподавателю каждый из нас смог раскрыть в себе математические способности. Этим преподавателем для нас стала **Гульсим Абдикаликовна Садыкова**.

Когда мы узнали свою будущую программу по математике, мы не могли поверить, что способны её усвоить. Но Гульсим Абдикаликовна на деле доказала, что мы способны на гораздо большее.

С первых учебных дней она отнеслась к нам с пониманием и смогла установить с нами контакт, что, кстати, получается далеко не у всех преподавателей. Понимая, что мы всего лишь первый курс, Гульсим Абдикаликовна помогла разобраться со сложной рейтинговой системой. Благодаря ей мы поняли, что баллы – это далеко не самое главное в процессе обучения, а по-настоящему важные знания.

Не смотря на то, что нам нравятся все наши преподаватели, Гульсим Абдикаликовна смогла внести в наши сердца любовь к себе и к высшей математике.

Гульсим Абдикаликовна не только искусно преподаёт свой предмет, но и глубоко сопереживает понимание нами этого предмета. Нас по-настоящему поразило разнообразие ее подходов и методик к каждому студенту.

Большое внимание Гульсим Абдикаликовна оказывала нашей подготовке к зимней сессии и интенсивно помогала нам готовиться к сложным тестам. И даже после окончания занятий она не оставила нас, и в день экзаменов пришла помочь и поддержать.

Мы благодарны Гульсим Абдикаликовне за то, что получили не только высокие баллы, но и знания, и желаем ей дальнейшего карьерного роста, здоровья и благополучия.

ГМУ 09106

Поговорим, ровесник!

ЧАДЕЖДА страны и родителей

Студенты – это проект, в который инвестируют наши родители. Почему я так говорю? Потому что родители для нас создали все условия, чтобы мы учились. Я хочу задать вам вопрос. Что вы делаете для того, чтобы оправдать надежду родителей?

Некоторые студенты для этого делают всё. Они учатся, сидят в библиотеках, отвечают на занятиях. А другие не прикладывают никаких усилий, для того чтобы оправдать надежды родителей.

Когда провели опрос среди студентов на тему «Как вы проводите свободное время?», одни ответили: «Мы сидим в библиотеках, учимся и получаем от этого огромное удовольствие». А другие ответили, что предпочитают отдыхать в клубах, развлекаться, общаться с друзьями.

Да, это ваша жизнь - вы сами знаете, как вам развлекаться, как вам жить. Но никогда не забывайте, что именно ваши родители верят в вас, надеются, переживают. И каждый из нас должен оправдать их надежды, стать человеком. Ведь именно мы – студенты, молодёжь - являемся будущим нашей страны, нашего Казахстана!

К.Б.ЖОЛАМАНОВА,
студентка гр.09108

Толғаныс

Алыста қалды арманым...

Ауа-райы да жақсы болды. Бір қызығарлығы студенттер оқу орындарына велосипедпен барады екен. Және соларға арнайы жолдар да бар. Қаланың көркем ғимараттары көз тартады. Құрбым қаланың көрікті жерлерін аралатып, демалыс орындарына, студенттердің мекені саналатын саябақтарына апарды. Соның ішінде айтып жеткізе алмайтын, маған ерекше әсер қалдырған ғажайып Қорған мекені болды. Әлемнің ең ұзын қорғаны Қытайда орналасқан. Ұлы Қытай қорғанының ұзындығы 8850 километрден асады. Мектеп қабырғасынан таныс болған осы Қорған суретін көзбен көргенде ерекше сезімде болдым. Биік тауға орналастырылған б.з.д. III ғасырда салынған бұл Қорған құрылысы деректер бойынша екі мың жыл бойы жалғастырылып, ұзартылған деседі. Осыған қарап Қытайда сәулет өнерінің дамығанын және халықтың еңбекқорлығын байқауға болады. Ұрпақтан-ұрпаққа жалғасын тапқан бұл Қорған - әлемнің жеті кереметіне айналып отыр. Қорғанға Қытай астанасынан темір жол және автобус арқылы қатынауға болады.

Өзімізге белгілі корей телесериалындағыдай суши-роллы, тағы да басқа түрлі ұлттық тағамдарының дәмі де ерекше. Дегенмен өзіміздің ұлттық тағамды сағынып, құрбым «Астана» деп аталатын ұлттық нақыштағы мейрамханаға барып, ұлттық тағамдарымызды жеп, қазақы шәй ішіп бір



қуанып қалғаным бар. Ол жерге сол елдегі қазақстандық бауырларымыз да жиі барады екен. Өзіміз сүйіп тамашалаған «Кан Чан Ди» немесе «Ф-4» телехикаясындағыдай бір кино әлеміне еніп кеткендей күйде болдым. Осылай тамаша жерлерін аралап, бір аптаның қалай зымырап өткенін де сезбей қалдым. Әрине, Қазақстанға жететін ештеңе жоқ. Елімді сағындым, Оралыма асықтым. Елге келгеннен кейін

топтас достарыма айтып әсерімді жеткізе алмаймын. Барып келуіме мүмкіндік берген ата-анама және қысқы демалысымды сәтті өтуіне қолдау көрсетіп, сәтті сапар тілеген тілектес кураторым Ерниязов Орынғали ағай мен достарыма алғысым шексіз.

Әсел ФАТИХОВА,

педагогика және психология мамандығының 1 курс студенті

«Бота» қайырымдылық қорының стипендианттарының жиыны

Ақпан айының 13-ші жұлдызында М.Өтемісов атындағы БҚМУ-да «Бота» қайырымдылық қорының стипендианттарының кезекті жиыны болып өтті.

Бұл жиында «Бота» қайырымдылық қорының стипендианттарымен қатар кураторлары да қатысты. Университеттің тәрбие жұмысы және әлеуметтік мәселелер жөніндегі проректор Даришева Түймеш Малбағарқызы жиынның мақсатын, мазмұнын түсіндіріп өтті. Жиынға тәрбие жұмысы бөлімінің жетекшісі Исатаев Мейрам Исатайұлы, мәдени-демалыс жұмысының жетекшісі Сүлейменов Мergen Қуанышұлы, студенттік ректор Асылханова Елдана қатысты.

«Бота» қайырымдылық қорының білім грантына ие студенттер де бұл нәтижеге қалай қол жеткізгендері жөнінде баян етті. Студенттер бұл «Бота» қайырымдылық қорына өз ризашылықтарын білдірді. «Бота» қайырымдылық қорының координаторы Жақсығалиева Альфия Сырымқожақызы осы қордың жұмысы бойынша жасалатын волонтерлық, яғни, еріктілер қызметі жөнінде ұйымдастырылатын конкурс бойынша ақпарат берді.

Біз «Бота» қайырымдылық қорының стипендиаттары ретінде өзімізді мақтан етеміз және осы грант иегерлері екендігімізге қуанамыз. Болашақта еліміз үшін адал қызмет етуге тырысамыз. Университетіміздің намысын абыроймен қорғап, ата-анамыз бен еліміздің, Елбасымыздың артып отырған үлкен сенімін ақтайтын тұлға болып қалыптасамыз деп сенім білдіргіміз келеді.

Әсемгүл ХАСАНОВА,
бейнелеу өнері және сызу
мамандығының 1 курс студенті

Жастар театры



Серпінің тағы бір серпілісі

Жақында М.Өтемісов атындағы БҚМУ акт залында университет жанынан құрылған «Серпін» жастар театрының «Жазда жауған қар» атты трагикомедиясы көрермен назарына ұсынылды. Авторы және қоюшы режиссері - Жігер Мурзағалиев.

Қазақ жетімін жылатпаған халық. Сол себепті бұл қойылымның негізгі басты идеясы - көшеде жүріп, әр үйдің босағасында түнеп, өткен-кеткен жандардың жанарына балаң үмітпен үңіліп, жәуентдеген көздерінде болашаққа деген бір үміттің, ыстық махаббат пен жылы жүректің нұры ойнаған жасөспірімдерге жанашырлық танытып, қолдау көрсету. Бұлардың келешек тағдыры қандай болмақ? Кім қол ұшын береді? Кім жанашырлық танытып, өмірге деген көзқарастарын оятады? Осы орайда қойылым режиссері Жігер Мурзағалиевпен сұхбаттасқан едік.

Сұрақ: Ассалаумағалейкум, Жігер ағай! Осы қойылымды қойған кездегі ең басты идеяңыз қандай және не себепті бұл қойылымның атауы «Жазда жауған қар» деп аталады?

Жауап: Идея, біріншіден, жетім балаларға, көшеде қаңғыбас балаларға назар аударуды көрсету. Екіншіден, неге жазда жауған қар, өзіңіз жаңа ғана қойылымнан көргеніңіздей балалардың өздерінің бір арманы бар. Бірақ қазақтар айтатындай бір орындалмас арман болса, жазда қар жауса болады, - дейді.

Сұрақ: Қойылымды қалай ойлап таптыңыз, не түрткі болды?

Жауап: Бұл ой менің көптен ойымда жүрді. Көшедегі балаларды көргенде жүрегім ауырады. Өзім өнер адамы болғасын жүрегімді ауыртпайтын нәрсе жоқ. Әлі кішкентай балалар, өмірлері осындай тәлкекке түсе береді екен деген оймен дүниеге келген туынды. Бір нәрсе жасап, демеу болайықшы деген оймен қойылған дүние.

Сұрақ: Иә, бұл қойылым өте әсерлі де керемет болды. Әрбір жүректерді тебіріктіп өткені ақиқат. Осы қойылым барысында қандай кедергілер орын алды? Осы жөнінде айтып өтсеңіз.



Жауап: Енді қиындық өте көп. Театрдың декорация жағынан жетіспеуі, реквизиттер жетіспеуі. Қойылымға қажетті керек-жарақтарды студенттер өздері тауып әкелуге мәжбүр болды.

Сұрақ: Осы «Серпін» жастар театрының әрбір қойылымын көрген кезде, әр адамда бір қызығушылық сезімі оянады. «Серпін» театрына келушілерге қандай талап қояр едіңіз?

Жауап: Ең бірінші талап, ол тек «Серпін» театрына келушілерге емес, жалпы театрға келушілерге қойылатын талап үлкен адам болып қалыптасу!

Сұхбат бергеніңізге рахмет! Әрі қарай шығармашылығыңызға табыс тілейміз. Аман болыңыз...

Нұркен ӘМИРАШЕВ

СОВЕТЫ бивалых студентов

Студенты – и с этим никто не спорит – самый находчивый народ. Здесь даже не стоит говорить, как девочки добиваются стройности и грациозности. Причем без отрыва от учебы. Да просто: надо на голову стопочкой сложить все учебники по сегодняшнему расписанию и пройти по коридору главного корпуса из одного конца до другого. Семестр таких тренировок – и хорошая осанка, крепкие спина и плечи обеспечены. Бытует даже мнение, что знания из книг таким образом быстрее перетекают в мозг! Хотя с этим не каждый согласится.

А вот совет от бывалых студентов, проживающих в общежитии. Если у вас есть в наличии телевизор – по разрешению строго коменданта, конечно – а антенны нет, но посмотреть телепередачи очень хочется, можно воспользоваться зарядным устройством от вашего или соседского сотового телефона. Главное, чтобы жало зарядки подошло по размеру гнезду антенны в телелике. Хотя в умелых руках и это не проблема. Подошло? А теперь вставьте зарядник в электросеть и смотрите себе телевизор, сколько душе угодно. Главное, чтобы такое времяпровождение не мешало учебе. Удачи!

ПЕРЕМЕНА

Самотеком прошел, практически не задев студентов нашего вуза, «Валентинов день». Студенты естественно-математического факультета, 1 курс Турехан Дуйсенбаев, Нурдаулет Абуов, Мадияр Кабибуллин и Дидар Орынбасар, которых мы случайно встретили в коридоре главного корпуса (на фото), были единодушно во мнении: этот праздник далек от нашей действительности. Сейчас они больше заняты обсуждением своих пер-вых студенческих каникул. Да, дарили «валентинки» в школе, а сейчас и не прочь отметить день любви, но чтобы это был наш, национальный праздник. К примеру, история любви Баян-сулу и Козы Корпеша вполне заслуживает того, чтобы мы помнили о них. И, как призналась Рысжан Калиева, естественно-математический ф-т, 2 курс (на фото), подарок в такой день был бы действительно наполнен смыслом.

Нұртас Джумагазиев, қаржы мамандығының студенті: - Біздер тәуелсіздігі мен ой еркіндігі үшін күрескен жігіттер мен қыздардың ұрпағымыз. Ата-бабаларымыз ешқандай «Әулие Валентин» күнінсіз-ақ танысып, отау құрған. Сондықтан, бізге ешқандай жақындығы жоқ мейрамды тойлаудың қажеті жоқ деп ойлаймын. Бойымызға ана сүтімен сіңген ұлттық қасиеттеріміз бен салт-дәстүрімізді, дінімізді жоғалтпай, ұлттық құндылықтарымызды бағалай білейік, достар!



Р
К
Е
Н

№ 2 (874) ақпан 2012 жыл

13



Тіл – татулық тірегі

УНИВЕРСИТЕТТІҢ 80 ЖЫЛДЫҒЫНА ФАКУЛЬТЕТ ТАРИХЫ

Бүгінгі таңда М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінде уақыт талабына жауап беретін, ғимаратының қабырғалары қазыналы ғалымдарының үнін сақтаған санаулы кафедралар бар десек, солардың ішінде өзіндік бет-бейнесімен ерекшеленетін – «Қазақ филологиясы».

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІН ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ ҒЫЛЫМЫНЫҢ КӨШБАСШЫСЫ


Кафедра тарихынан сыр шертетін киіз кітапты парақтағанда академик Қажым Жұмалиев негізін салған «Қазақ филологиясынан» өткен ғасырдың 30-шы жылдарынан бері есімдері қазақ тілі мен әдебиеттану ғылымдары бойынша, республикаға танымал тұлғалар шыққандығы көңіл қуантады. Кешегі жылдар легін кезеңге бөліп қарайтын болсақ, өткен ғасырдың 50-70 жылдары «Қазақ филологиясы» кафедрасының көшбасында ғылыми дәреже және зерттеу еңбектер көрсеткішімен педагогика ғылымдарының докторы, профессор **Көшімбаев Атымтай Ыбырайұлы** тұрғандығын байқаған болар едік.

Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі ғылымы бойынша республикада алғаш кандидаттық, докторлық диссертация қорғаған ғалым Атымтай Ыбырайұлының өмір жолына үңілер болсақ, қилы заман кейіпкерінің күрсінісін сезінесіз. Өңгімеміздің бас кейіпкері Көшімбаев архив дерегіндегі өз қолымен жазған өмірбаянында: «1910 жылы Қостанай облысы, Пресногорьков ауданы, Карл Маркс совхозында дүниеге келдім» – деп мәлімет берген. Сірә, бұл автордың туған жеріне кеңес үкіметі орнағаннан кейінгі елді-мекен атауы болса керек (Пресногорьков, Карл Маркс – М.А.).

«Өкем кеңес үкіметіне дейін де, кейін де бақташы болып жұмыс істеді» деп отбасы туралы қысқа қайырған Атымтай Ыбырайұлы алғашқы білімді ауыл молдасынан 1920-1925

жылдар аралығында алады. Ал кеңестік мектеп табалдырығын 1925 жылы, яғни, 15 жасында аттағандығын жазады. Ауылдық бастауыш мектепте 1925-1926 жылдар аралығында бар болғаны бір жыл оқыған ол 1926-1927 жылдары Пресногорьков ауылындағы жеті жылдық орыс мектебіне ауысып, оның үшінші класын аяқтайды. Осылайша бастауыш мектепті 17 жасында тәмамдаған талапты жас үш жылдық білімімен 1927 жылы Қостанай қаласындағы педагогикалық техникумға түсіп, оны 1932 жылы бітіріп шығады. Міне, осы жылдардан бастап, өз өмірін ұстаздық жолға арнаған балаң жігіт елде екі-үш жыл мұғалім болып қызмет жасағаннан кейін, 1935 жылы қазіргі Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының сырттай бөліміне оқуға қабылданады.

1940 жылдың ақпанынан жауынгерлік борышын өтеуге әскерге алынған Атымтай Ыбырайұлы 1941 жылдың 22 маусымына дейін атақты Брест қаласында офицерлік мектепте оқиды. Ұлы Отан соғысының алғашқы күнінен елді басқыншы жаудан қорғау қамына кіріскен қатардағы жауынгер Көшімбаев 1941 жылдың 2 шілдесінде бөлімшелері немістердің қоршауында қалып, тұтқынға түседі. 1943 жылдың 4 қазанында тұтқыннан қашып шығып жауынгерлік қатарға қайта қосылған ол Польша, Чехословакия, Германия елдерінде кескілескен ұрысқа



қатысып, «Ерлігі үшін» медалімен және 4 мәрте жоғары қолбасшының алғыс хатымен марапатталады. 1945 жылы әскерде 5 жыл 8 ай борышын өтеп, бейбіт өмірге жеңімпаз жауынгер болып оралған ол үзіліп қалған Алматыдағы оқуын 1946 жылы аяқтап «қазақ тілі мен әдебиеті» пәнінің мұғалімі болып шығады.

Атымтай ағайдың алдына үлкен мақсат қоя білетін тұлғалық келбетін 1947 жылы Москвадағы Педагогикалық ғылым академиясына аспирантураға түсуінен аңғаруға болады. Осылайша ғылым жолына бет бұрған ол соғыстан кейін ҚазССР Оқу министрлігінің ғылыми-зерттеу институтында аға ғылыми қызметкер, кабинет меңгерушісі және Абай атындағы педагогикалық институты мен Қыздар педагогикалық институтында қосымша оқытушылық қызмет атқарғандығын байқаймыз. 1950 жылдан Орал қаласына қоныс аударған Атымтай Ыбырайұлының алғаш Мұғалімдердің білімін жетілдіру институтында әдіскер әрі Орал педагогикалық институтында

қосымша оқытушы болып жұмыс жасауы Алматыдан кеткенімен ғылымнан қол үзбегенін көрсетеді. 1954 жылы республика бойынша «Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі» ғылымында бірінші болып «Жеті жылдық мектепте қазақ әдебиетін оқыту мен талдау әдістері» деген тақырыпта педагогика ғылымдарының кандидаттығы ғылыми дәрежесін қорғаған ол сол жылы толықтай Орал педагогикалық институтына жұмысқа ауысады. Атымтай Ыбырайұлының кафедраға келуі бірде-бір ғылым кандидаты жоқ қазақ тілі мен әдебиетінің оқытушыларына қозғау салды, ғылымға деген құлшынысын оятты. Мұны кафедраның ғылыми әлеуетінің 50 жылдардың екінші жартысынан бастап көтерілгендігінен байқауға болады. Кафедрада «Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесінен» сабақ бере жүріп, бірыңғай ғылыммен айналысқан ғалым 1972 жылы «Орта мектепте қазақ әдебиетін оқыту әдістемесінің мәселелері» деген тақырыпта докторлық диссертациясын қорғайды. Осы тұста тағы бір көңіл аударарлық жайт Атымтай Ыбырайұлы «Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі» ғылымында бірінші ғылым докторы екендігін атап өткен дұрыс. Бұған қоса, кафедра тарихында Оралдан тап-жылмай жұмыс жасаған аға буын ұстаздар арасында алғаш докторлығын қорғаған ол өзінен кейін ғылым докторларының шығуына бастамашы бола білді.

Ғылым жолындағы жетістіктерге адал еңбегі, ақыл-ойымен жеткен Атымтай Ыбырайұлы қызметтік баспалдақтармен жоғарылай алмады. Мұның сыры 1941-1943 жылдары немісте тұтқында болған оны кеңестік қатаң жүйе комсомолдан шығарып тастауында жатқан болатын. Ағай осы екі жыл тұтқында болудың зардабын өмір бойы тартып өтті десек артық айтқандық емес. Сенімсіздік, құзырлы органдарға жауап беру үлкен кісінің жүйкесіне жүк болғаны анық. Өзгелер қол жеткізген жайлы пәтерлердің бұйырмауына да себепші болған осы жағдай. Жүрегін киізге орап алған Атымтай ағай бұдан бұйығып жасыған емес, қайта артына кейінгі ұрпақ кәдесіне жарар зерделі ойдан туған ғылыми еңбектер қалдыра білді. Бүгінгі таңда бір өкініштісі Атымтай Ыбырайұлының мол мұрасын сақтаушысы жоқ, жары, екі ұл, бір қызы бақилық болғаннан кейін тікелей жетісушысы жоқ. Ендігі есімін ел есінен шығармаушы да, барын бағалап, жоғын түгелдеуші де жалғыз шырақшысы – «Қазақ филологиясы» кафедрасы. Аруағыңыз риза болсын, асыл аға!

Азамат МАМЫРОВ,
қазақ филологиясы кафедрасының
меңгерушісі

ФАКУЛЬТЕТ ТЫНЫСЫ

Студенттік өмір әр адам үшін қызығы мен шыжығы, қуаныш пен өкінішке толы шақтарға толы қайталанбас бір кезеңі болып саналады. Кімде-кім болмасын өзінің осы бір сәттерін әр түрлі қызықты естеліктерге толы етіп өткізгісі келетіндігі ақиқат. Бұл, әрине, оның жүрген ортасы мен өзі білім алып жатырған білім ордасы, жоғарғы оқу орнымен де тығыз байланысты.

Осы орайда, М.Өтемісов атындағы БҚМУ-дың 80 жылдығына орай тұңғыш рет студенттер қауымы арасында мәдениет және өнер факультетінің студенттік деканы Алпамыс Өскенбайұлының жетекшілігімен бұрын-соңды болмаған жаңа мега-жоба - «Студенттік LIFE» өз жұмысын қызуқанды бастап кетті.

"Студенттік life" мега-жобасы

Бұл 80 күн аралығында өткізілетін мега-жоба Қазақстан халықтары мәдениетінің даму үрдісіне үлес қосуды, университеттің әлеуметтік-тәрбиелік мүмкіндіктерін арттыруда білімді де білікті, жан-жақты, белсенді студенттермен қамтамасыз етуді және студенттердің қосымша ізденісі барысында жеке тұлғаның ой-өрісі, өнегелілігі және мәдениеттілігі мен патриоттылығын арттыруды, сондай-ақ қазіргі заманға сай, өмірде еңбекке қабілетті болуға үйрету мен азаматтық ұстанымды қалыптастыруды мақсат етіп алға қояды.

«Студенттік LIFE» мега-жобасына барлығы 26 студент қатысады. 15 қатысушы арнайы ұйымдастырушылардың шақыруымен халықаралық, республикалық, облыстық ғылым, білім, спорт, мәдениет саласында университеттің туын биікке көтеріп, жетістіктерге жетіп жүрген студенттер құрамынан құралады. Жобаға 10 студент Шаримов Алпамыс, Асылханова Елдана және Тәжкенов Нұрлыбектің жетекшілігімен жарияланған іріктеу кезеңінен өзіндік қабілеті мен көшбасшылық қасиетінің жоғарылығы нәтижесінде арнайы тапсырмалар мен университет құрамы туралы сұрақтарға



жауап беру арқылы іріктеліп алынды.

Жоба барысында қатысушылар үлкен екі топқа бөліне отырып, апта сайын түрлі бағытта (ғылым, білім, өнер, спорт, т.б.) жарысқа түседі.

«Студенттік LIFE» мега-жобасына қатысып, өз бақтарын сынап-көруді жөн көрген филология факультетінің студенттері Орынбасаров Әділет, Қауен Әйгерім, Базарбаев Азамат, Қанатова Сағынғамым іріктеу кезеңінен сәтті өтіп, жолдамаға қол жеткізді.

Ендеше, біздер өз студенттерімізге жобадан сәттіліктер мен жетістіктер тілейміз!

Әйгерім ҚАУЕН,
филология факультетінің
1 курс студенті



Қазіргі қоғамдағы ұрпақ тәрбиесі өте үлкен жауапкершілікті қажет ететіні даусыз. Қай кезде болмасын адам өз еккен талының түзу де үлкен болып өсуін қалайды және оның жемісін көргісі келеді. Қазақта «Ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілесің» деген де сөз бар.

Осы орайда М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің ректоры, академик Иманғалиев Асхат Сәлімұлының қолдауымен филология факультетінің деканы Утегенова Қарлыға Тасқалиқызы бірінші семестр сабақтарын түгелдей «өте жақсы» деген бағаға аяқтаған филология факультеті студенттер қауымының ата-аналарына аталған жетістікті қуанышпен хабарлап, зерек ұрпақ тәрбиелегені үшін алғыс білдіру мақсатында алғыс хат жолдады.

Сіздердің назарларыңызға сол үздік студенттерді оқудағы жетістіктерімен шын жүректен құттықтай отырып, тізімдерін жариялауды жөн санадық.

Қазақ тілі мен әдебиеті:

Арыстанғалиева Руфина, Асылханова Елдана, Аязбаева Назымгүл, Базарбаева Бақытгүл, Баубекова Нұршат, Бекташева Гүлнұр, Елекенова Ақтолқын, Жәналиева Әсел, Жасан Әсел, Зданова Жұлдыз, Емранова Жеміс, Жұмабаева Ақсұңқар, Имашева Назерке, Каирова Раушан, Қапашева Анар, Кармакова Гүлзар, Қаршығақызы Таңшолпан, Кенжебай Райхан, Кубаева Бұлбұл, Құраубай Ақгүл, Кусайнова Айгерім, Мұқанова Нұргүл, Мұханбетова Жангүлім, Перғалиева Айжангүл, Укибаева Ұлжан, Тасқалиева Альбина, Тугарисова Әсем, Шошаева Азатгүл.

Қазақ тілінде оқытпайтын мектептерде қазақ тілі мен әдебиеті:

Асмамбетова Гүлнұр, Есенова Ақгүлім, Жанболатова Әйгерім, Қауен Әйгерім, Насипуллина Айсана, Саинова Айзада, Сұлтанмахмұд Айдана, Шынтемирова Гүлсая.

Орыс тілі мен әдебиеті:

Есенғалиева Бибінұр, Литвинова Татьяна, Мұхамедьярова Райгүл.

Аударма ісі:

Иманбаева Айдана, Иманғалиева Дина, Искалиева Гүлмира, Қанатова Мархабат, Ключникова Оксана, Крымов Жасұлан, Досқалиева Алтынгүл, Омарова Рамина, Парамонова Ольга, Садыкова Әсел, Утегенова Асима, Тәжіғараева Шынар, Туралиев Шыңғыс, Шуфрич Светлана.

Шет тілі: екі шет тілі:

Альхамова Айнуір, Ахметқалиева Динара, Аяпова Алина, Баймұқашева Ақмарал, Бигалиева Самал, Бердиева Нұрзия, Власова Светлана, Горностаева Екатерина, Губайдуллина Жұлдыз, Ерболат Әлия, Есенова Әсем, Джабашева Аида, Джуманиязова Айна, Зубкова Елена, Жалпапова Әсемгүл, Иванова Лидия, Исентаева Гүлдаурен, Кадрова Самал, Қадырғалиева Айкен, Қадырғалиева Дияра, Казетова Гаухар, Калиева Альбина, Килишева Нұргүл, Кирилов Дмитрий, Құлмағанбетова Айгүл, Құрманғазиев Тілеген, Құрманғали Фариза, Кусаинова Айнуір, Маркеевич Ксения, Мирманова Салтанат, Мүсірова Ранида, Новенькова Любовь, Туралиева Нұргүл, Погодаева Марина, Ситалиева Роза, Султанова Жанна, Сундетова Жанар, Тузлукова Мария, Ханафеева Милия, Хусаинова Мақпал, Шарабасова Гүлниса, Шимарова Инна, Шүйншалиева Айнуір.

Филология: қазақ тілі:

Абилқасымов Аспан, Губайдуллина Ақбөбек, Зайнуллина Таңшолпан, Қуанышева Ақманар, Нұрғалиева Гүлмира, Нұрғалиева Салтанат, Тасбаева Айнагүл, Утепова Арайлым, Уябасова Айнуір, Умбетова Анар.

Орыс тілінде оқытпайтын мектептерде орыс тілі мен әдебиеті:

Утарова Нұргүл.

К 75-летию Э.Г.Габбасова



Замечательный писатель, выдающийся общественный деятель Энгельс Габбасович Габбасов широко известен в Казахстане.

Он родился в поселке Жалпактал Западно-Казахстанской области в семье колхозника. Его отец, Габбас Есеталиев, избирался председателем ряда колхозов бывшего Фурмановского района. Он был незаурядным человеком: владел арабской письменностью, хорошо знал народные сказания и легенды. Мать, Балапаш Есеталиева, воспитывала детей, вела домашнее хозяйство. Рассказывали, что она отличалась невероятным красноречием.

В 1953 году Энгельс Габбасович поступил учиться в Уральский педагогический институт им.А.С.Пушкина на филологический факультет, о чём ни разу не пожалел. В то время на факультете работали замечательные преподаватели. Его восхищало лекторское мастерство Я.С.Фейгельсона, Э.В.Винника, Б.Г.Гумарова, М.И.Труша. Э.Г.Габбасов так вспоминает о них: «Они царствовали на трибуне. Для них не существовало заранее подготовленных текстов, они с воодушевлением излагали тему, легко вступали в спор со студентами, особенно это было характерно для Б.Г.Гумарова и Э.В.Винника. Благодаря им я пристратился к ораторскому искусству. Продуманно, на высоком уровне читали лекции Т.Б.Беисов, Н.Г.Евстратов. Послушать лекции Н.Г.Евстратова, Е.Е.Соллертинского по русской литературе приходили студенты других факультетов. Умиление и восторг вызвали лекции мудрейшего преподавателя Нестора Михайловича Малечи. Из-за них я полюбил русскую литературу и русский язык, а впоследствии творчество на русском языке стало делом всей моей жизни».

После окончания института Э.Г.Габбасов работал учителем в Фурмановском районе. В 1966 году окончил отделение журналистики Алма-Атинской высшей партийной школы, в 1976 году - аспирантуру Академии общественных

наук при ЦК КПСС. Энгельс Габбасович кандидат филологических наук, имеет звание доцента.

Э.Г.Габбасов совмещал идеологическую работу в обкоме комсомола, а впоследствии обкоме партии с преподаванием историко-литературных дисциплин. «Моя родная кафедра» - так всегда называл Энгельс Габбасович кафедру русской литературы, впоследствии поддерживая тесную связь с кафедрой общего языкознания и перевода.

В постсоветский период Э.Габбасов активно включился в политику, стал одним из участников создания «Союза народного единства Казахстана». Избирался в совет Ассамблеи народов Казахстана.

В 1994 году Энгельс Габбасов по государственному списку избирался депутатом Верховного Совета Казахстана XIII созыва, а в 1997 году в Сенат Парламента РК.

На выборах Главы государства 10 января 1999 года Энгельс Габбасов был кандидатом в Президенты Республики Казахстан.

В 2000 году был кандидатом на Нобелевскую премию мира.

В 1997 году посетил Мекку. Энгельс Габбасов является автором более десяти сборников повестей и рассказов, член Союза писателей Казахстана, член казахского «Пенклуба». Его книги «Маленький мальчик и двое мужчин», «Улица веселых зайчиков», «Зеленый лист на белом снегу», «В то лето и в эту зиму» и повесть «Отара» вызывают большой общественный интерес, полюбили читателей. Их главный мотив – судьба личности и его стремление отстоять свое достоинство. Образы героев повестей и рассказов психологичны и достоверны. «Каждый рождается равным и

свободным, и мой творческий долг, - говорит писатель, - исследовать жизнь, выявить причины, которые делают человека либо рабом, либо созидателем».

Защита природы Казахстана – приоритетное направление в общественной деятельности Энгельса Габбасова. В своих публикациях и выступлениях он отстаивает необходимость сохранения окружающей среды для обеспечения жизнедеятельности человека, выступает за разумное и бережное использование недр страны. Он активно выступает за закрытие военно-испытательных полигонов системы «Капустин Яр» и атомного полигона «Азгир», как наследия тоталитарного режима. Известны его рекомендации Правительству Казахстана вернуть под свой контроль космодром «Байконур». По мнению Э.Габбасова, космодром должен ограничиваться ежегодно десятью запусками, что сохранит экологическое равновесие и улучшит защиту здоровья населения.

Много внимания Энгельс Габбасович уделяет качеству школьных учебников по литературе, выступив в печати рядом критических статей по этой проблеме.

Энгельс Габбасов награжден орденом «Знак Почета» и четырьмя медалями. За активную общественную и творческую деятельность ему присвоено почетное звание «Заслуженный деятель Казахстана».

Несмотря на возраст почтенного аксакала, Энгельс Габбасович активный жизнелюб, увлекается плаванием. У него необычное хобби - прогнозирование погоды.

Любимые писатели – Мухтар Ауэзов и Лев Толстой. Разделяет их убеждение, что у каждого бог – в душе и главным мерилом поступков человека должны быть совесть и личная ответственность за свою деятельность.

Э.Г.Габбасов неоднократно приглашался в наш вуз в качестве председателя государственной экзаменационной комиссии. В этой должности он всегда проявлял доброжелательное отношение к студентам-выпускникам, не теряя принципиальности и требовательности.

При создании студенческого альманаха «Я посадил дерево» Э.Г.Габбасов с удовольствием принял приглашение кафедры стать одним из его авторов и опубликовал свой рассказ «Аман бол, жаным, аман бол!». Он выступил перед студентами и дал ценные советы начинающим авторам по художественному мастерству.

Э.Г.Габбасов всегда в центре общественной жизни Казахстана, его мудрые советы помогают молодёжи в выборе своего жизненного пути.

Хочется пожелать юбиляру доброго здоровья, дальнейших профессиональных успехов, новых свершений в литературном творчестве.

Кафедра общего языкознания и перевода

Алексей ЕГОРОВ, группа 03404

Чтобы мне понравиться,
Надела ситцевое платьице,
Хотя мне нравилось
То, старое - в горошек.
Мы сначала говорили о кино,
О книгах, помню точно:
Была пятница, называла
Меня ласково Алёшей.
Проходим дела не было до нас,
И мы наивно улыбались.
Она сказала, что он зря
Поехал на Кавказ,
При этих разговорах
Сильно волновалась.
Она сказала, что
Прочла его стихи,
Что все стихи овечны печалью,
А вот мои стихи плохи,
Они наполнены излишней бранью.
Потом, потом искали место,
Где б уютней сесть,
Чтоб не мешали нашим разговорам
Мне захотелось вдруг
На дерево залезть,
Она сказала: «Как надоела школа».
Мы просидели в парке три часа:
О чём-то громко говорили,
О чём-то говорили мы вполголоса,
Бывало, ветер заменял слова
И перелистывал попутно её волосы.

Я тогда сказал не то, что думал,
или, может быть, наоборот,
И, назвав её под вечер душой,
Мы прошли семнадцатый, последний поворот.

Так хочется написать
Что-то важное и интересное,
Покорить вас формой и содержанием,
Хотя содержание не меняется
На протяжении тысячи лет,
Лишь форма претерпевает
Несущественные изменения,
Так что покорить кого-то,
Кроме себя - глупая затея,
Пустая трата времени, эмоций.
Это всего лишь набор опыта,
Опыт - ярлык эмоций,
Складывающийся в память,
Память-тень боли и радости,
Может оттенять реальность.
Что есть реальность в таком случае?
Черновик для памяти,
Игровое поле.
Что в таком случае жизнь в реальности?
Матрица сновидений,
Всего лишь несущественный переход.
Что есть время в такой реальности?
Ограничитель, секундомер,
Не имеющий значения в памяти...
Реальность имеет единственное, что
На данный момент невозможно, - памяти
Непосредственный контакт.

My experience of studying abroad

Studying abroad is a great way of improving language skills, exploring a different culture and meeting people in other countries. It is a unique opportunity to have a global experience of international education.

Not long ago I participated in a student exchange program and during a summer semester followed the courses in Germany at Johannes Gutenberg-University (Mainz). A summer semester starts in Germany at the beginning of April, so I took my examinations ahead of schedule and left for Germany to receive a room in a hostel, to register at the university and make out some other paperwork. The main condition of study in Germany is good language skills which allow to communicate with local residents and resolve all the questions regarding registration in various establishments, since the Germans take the law observance very seriously.

Mainz is a city in West Germany and the capital of the German federal state of Rhineland-Palatinate. Each federal state in Germany has one central university where residents of nearby cities are trained. In Rhineland-Palatinate such university is Gutenberg-University and Mainz is considered a students' city. It is a city with an interesting history that began approximately in the 3d century when Romans built there the first fortress. The university where I studied bears the name of Johannes Gutenberg, the man, who in the middle of the 15 century invented book printing. There is a museum in Mainz where the original printing press and the first Bible printed on it are presented.

Johannes Gutenberg-University was founded in 1477. Being the only university in a federal state of Rhineland-Palatinate, it offers training in humanitarian, natural, social, legal, economic and medical specialties. Today Johannes Gutenberg University of Mainz has approximately 36,000 students and includes over 150 institutions and clinics. It is among ten largest universities in Germany. The University of Mainz is one of a few campus-based universities in Germany. Nearly all its institutions and facilities are located in the southwest part of the city. The university medical centre is located off campus. It is in top five clinics of Germany.

I was a student of the «Philology and philosophy» faculty. The faculty is situated in a separate three-storeyed building called «Philosophicum» with its own library, computer halls and cafeteria. It is the biggest faculty of the university by a headcount of students and professors working there. Many nonresident students live in hostels located on campus. This complex is named «a university forum». The hostel I lived in was about 40 minutes' drive from the university.

The program I participated in is aimed at studying the German language. I attended German lessons with great interest. My groupmates were from different countries of the

world – France, Canada, America, Spain, Italy etc. Each of us represented the culture of his people, but we were united by the desire to study the German language. Together we prepared reports, presentations, projects. The basic attention was given to oral practice as mastering a language is only possible through communication. At the end of the course I took a complex examination consisting of 4 parts: lexical and grammatical written parts, auding and composition writing. I passed the exam with distinction.

Besides German courses I attended some other disciplines which I had voluntary chosen for studying. They are such disciplines as General Linguistics, Cognitive Linguistics, Sociolinguistics, Modern Linguistic Theories et al. Students in Germany make up their schedule themselves and study those disciplines which they are interested in. A list of professors and disciplines they lecture, time and auditorium number is published on the university web site. Many lectures in Germany are free to attend, i.e. each student can attend them without signing up. At some other lectures the number of students is limited, so it is necessary to sign up for those lectures in advance. Lectures are delivered in a friendly atmosphere. During a lecture professors can put questions to audience as well as answer students' questions themselves. It often leads to a discussion. Lectures were delivered by different professors who pursue applied science and conduct linguistic researches. They shared the results of their research work with students. At every lecture professors showed slides with theses, terms, statistical data and diagrams. At seminars material was discussed in details. One lecture/seminar lasts 2 hours (120 minutes).

I also had an opportunity to attend lectures of visiting professors. For example, I attended a lecture of Geoffrey Leech, professor of Linguistics and Modern English Language from Lancaster University. He spoke about the changes in the language which have occurred since the middle of the 20th century; he compared American English and British English and showed grammatical changes taking place in the language of press, literature, and spoken language. The professor has devoted many years to this investigation and published the results of it in a number of books.

My trip to Germany gave me more than the experience of studying in a European university. It gave me a unique chance to get acquainted with the German culture. Moving abroad is not a simple process. However, if you have the heart for it and find the right course in the right city, it can offer you the most rewarding and richest of experiences. I am the one who has overcome the difficulties and achieved her objective.

E. ZUBKOVA,

4th - year student of a foreign languages department WKSU

Қосымша бетті дайындағандар:

Ажгаліев М.К. – педагогика ғылымдарының кандидаты, Кауен А. – студент, Лисовая А. – студент





Р
К
Е
Н



ЖАҒЫДЫС

№2(4), ақпан 2012 жыл

Жас жегірге табын, білсең сол барың, бос өткізбей ізде зейнет жолдарың.

Жүсіп Баласағұн

Еліміздің ертеңі, мемлекетіміздің жарқын болашағы білімді, білгір жастардың қолында. Елдің ертеңгі сенімі де солардың мойнында. Қай заманда болмасын қоғамның қозғаушы күші – жастар. Осы ретте Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың: «Мен, сіздер, бүгінгі жастар ерекше ұрпақ екендеріңізді қайталаудан жалықпаймын. Сіздер тәуелсіз Қазақстанда өмірге келдіңіздер және сонда ержетіп келесіздер. Сіздердің жастық шақтарыңыздың уақыты – біздің еліміздің көтерілу және гүлдену уақыты. Сіздер осы жетістіктер рухын және табысқа деген ұмтылушылықты бойларыңызға сіңірдіңіздер», – деп жастарға мол сенім артады.

Студенттеріміз Атырау университетінде

Ендеше, ел сенімін ақтаудағы бүгінгі жастардың негізгі мақсаты сапалы білім алып, Қазақстанның ұшқыр ойлы, білімпаз азаматы мен азаматшасы болу. Қазіргі кезде жастардың құзыреттілігін арттырып, бәсекеге қабілетті тұлға ретінде дамуына ықпал ететін академиялық ұтқырлық бағдарламасы еліміздің ЖОО-ларында жүзеге асырылуда.

Осынау тың бағдарлама біздің университетімізде де жүзеге асуда. 2012 жылғы қаңтардың 30-ынан бастап Болон процесінің академиялық ұтқырлық ұстанымын жүзеге асыру мақсатында М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің педагогика факультеті «Педагогика және психология» бөлімінің 06301-топ студенттері Айсәуле Артығалиева, Гүлназ Кесекова, Асыл Таниевалар университет ректорының қолдауымен Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетіне тәжірибе алмасу мақсатында білім алу мүмкіндігіне ие болды.



Замананың заңғар тұлғаларының бірі Міржақып Дулатов: «Алыстан алаш десе, аттанамын, қазақты қазақ десе, мақтанамын», – деп айтқанындай, арыстандай айбатты, жолбарыстай қайратты осындай білімді жастарымызбен мақтанғанымыз да дұрыс шығар. Ендеше, құрбыларымызға әрдайым биік белесте болғайсыздар демекпіз!

Венера ЕРБОЛАТҚЫЗЫ,

М.Өтемісов атындағы БҚМУ ректорының грант иегері

Қазақ тілі әлемдегі ең бай тілдер қатарына жатады. Тіліміздің байлығы сөздің айтылу сазы мен көркемділігімен ерекшеленіп, қанша ономимі, антонимі және синонимінің болуымен көрініс табады. Тілімізде әрбір сөздің мағынасын түсіндіруге, жалпы қазақ лексикологиясына қатысты сандаған сөздіктер бар. Осы сөздіктерді қолына алған адам әрбір сөздің мағынасын жете түсінері хақ. Қазіргі таңда тіліміздегі ең ауыр кеселдің бірі - жаргондап сөйлеу. Бұл бір дауасы жоқ дертпен тең десек те болады. Бүгінде студент жастар арасында жаргондап сөйлеу басты «модаға» айналып барады. Лексиконы жаргон сөздерге бай студент - өзін сөзсіз «шешен» санайды. Ал ана тілімізді орысшамен араластырып, өздерінше «әдемілеп», «әспеттеп» **МЫҚТЫ** сөйлейтіндер жайында әңгіме бөлек. Тақырыпқа оралсақ, жалпы жаргон (ағылш. slang; jargon;) - әлеуметтік диалект мағынасын береді. Ол қайта мағыналау, метафоризация, қайта рәсімдеу, дыбыстық қысқарту деген сөз.

ЖАРГОНДАП СӨЙЛЕУДЕН БЕЗ

Тарихына көз жүгіртсек, жаргондап сөйлеу алғаш рет XVIII ғасырда пайда болған екен. Әрбір ортада жаргон сөздер белсенді қолданылады. Атап айтар болсақ, *студенттер жаргоны, оқушылар жаргоны, жастар арасындағы және армиялық жаргондар, музыка және спорт саласындағы жаргон сөздер*, сонымен қатар сауда, т.б. салаларда жаргон сөздер көптеп кездеседі.

«Жаргондап сөйлесем, сөзім қысқа да нұсқа болады» десеңіз, қателесесіз. Тіл мәдениеті аясынан қарасақ, жаргонмен сөйлеуді қалжың, әзілдерде болмаса, күнделікті өмірде пайдалана беру орынсыз. Студент жастар қойылған сұраққа да жаргонмен жауап беріп жатады. Ол тыңдаушыға ерсі естілуі әбден мүмкін. Кейде өз-өздерімен жаргондап сөйлесіп, дарақылана күлгендерге не дерсің? Сондықтан әркім сөз сөйлеу мәдениетін, стилін қалыптастыра білу керек. Көбіне қоғамдық орындарда, әсіресе қоғамдық көліктерде студент жастардың жаргон сөздерінен құлағың тұнады. Соның ішінде күнделікті қарым-қатынас сөздері. Кейбіріне мысал келтіре кетсек: *«сындырдым»* (қызды немесе жігітті келістірдім, сонымен қатар саудаласқанда айтылады), *«құлап жүр»* (ғашық боп жүр немесе ұнатып жүр), *«өшіп жатыр немесе өшіп қалды»* (көптен хабарласпаған адамға айтылады және қарсы сөйлей алмай қалу), *«шыттай боп тұр немесе ұйқы ғой»* (үйлесімін тапқан нәрсеге баға беру), *«жынды, мықты, айқайлап тұр»* (кермет), *«нәәәй, нәкіс, ауан»* (есі ауысқан немесе жарым деген мағынада), *«жаурап жүр»* (жападан жалғыз қалған адамға айтылады), *«ығып, лағып»* (айтқан сөзге түсінбеген жағдайда қолданылады), *«жыртып»* (белсенділік танытқан уақытта айтылады), *«қырылып қалдық немесе қырылып жүрміз»* (қыз бен жігіттің келіспей қалған кездері), *«базар жоқ»* (келіскен уақытта айтылады), *«құлақтан тебу, лапша ілу»* (өтірік айту), *«тарпылу»* (маған қарай кел деген

мағынада), *«Америка ашу»* (жаңалық ашу), *«балта қадау»* (жауап бере алмайтындай жағдайда қалдыру), *«картоп немесе картошка»* (кемсіту мағынасында), *«капуст»* (қабат-қабат киінген адам), *«қаз қуып жүр»* (жөнсіз кеткен адамға байланысты айтылады), «балықбас» (темекіні көп шегетін адам), *«тоқылдақ»* (аузына сөз тұрмайтын адам), *«шаң болу»* (жоқ болып кету, яғни сабақтан қашу), *«шаңғы тебу»* (жүру), *«гүл болу»* (құлпыру), *«пихабат болып жүр»* (қыз бен жігіт арасындағы махаббат), «көтеріп кетті» (демеуші немесе жанкүйер болу), *«шал»* (қыздың жүріп жүрген жігіті), *«кемпір»* (жігіттің жүріп жүрген қызы), *«екі бас»* (екінші курс студенттері), *«қадап тастау»* (төбелескен кезде жену), *«қоянның құлағын салу»* (өтірік айту, қашып кету), *«тиын»* (ақша), *«қақсып қалу»* (ақшасыз қалу), *«теуіп тастау»* (киім кию), *«тоқаш»* (нөл балл), *«басы қақтау»* (ештенені түсінбейтін, білмейтін адам), *«лақтырып кету»* (орта жолда тастап кету), *«мұрт болу»* (ыңғайсыздану), *«ұйқыбас»* (маубас), *«ат болу»* (шаршау), *«қисық»* (қырсық мінезді адам), *«қатаю, қатып алу»* (төкаппарлану), т.б. Осындай ұзын-ырғасы жоқ жаргон сөздер тілдің сыйып бұзуда. Мынаған қараңыз, мысалы: - Қайрат па? Әй, ол **қаз қуып жүр** ғой. Осы Айгүл мен Қанат **пихабат** болып жүрген сияқты. – **Ұйқыбастар** неге сабаққа көшігіп жүрсіндер. Кеше жаман **ат болып** кеттім. – Білесің бе, Олжас Рауанды **қадап тастады** ғой. –Ей, **шалың** қайда? Немесе, **кемпір** қалай? - Мына етікті университетке **теуіп тастаймын** ғой. - Кеше ағайға Айкөркем бәрін **тоқылдап** беріпті. - Еламан - жүрген **балықбастың нақ өзі**, т.б. Осы мысалдардан-ақ ұға беріңіз. Жастардың қаншалықты сауатты сөйлейтінін. Мәнсіз сөйлеуден гөрі, нақты, анық сөйлеу, әр сөзді өз мағынасында жұмсау және синонимдерін қолдану - үлкен сауаттылықтың белгісі. Қазақ тілінің мүмкіншілігін көрсетудің орнына жастардың жаргондап сөйлеулері - үлкен ағаттық. Десек те, бұған қоғам да үлкен әсер етпей қоймайды. Себебі қоғам жаңарған сайын «жаңалыққа жаны құмар жастар» жаргон тілін дамытуда.

Жастар осылай жаргондап сөйлеймін деп өздерінің тіл байлықтарын кемітіп жатырғандарын түсіне ме екен? Қадірлі құрбы-құрдастар, бұған не айтасыз?

Әсел ӨТЕУЛИЕВА,
02305-топ

Жұттықтаймыз!!!

Жуырда университетіміздегі үздік білімі, өнегелі тәрбиесі және қасиетті білім ордамыздың туын биіктету жолында тер төгіп жүрген студенттерімізге арнаулы шәкіртақы тағайындау жөніндегі комиссиясының шешімімен педагогика факультетінің студенттері **Айсәуле Төрешқызы Артығалиева** («Педагогика және психология» мамандығы, 06301-топ) **М.Өтемісов атындағы**

шәкіртақы иегері, Инна Валерьевна Симонова («Дене шынықтыру және спорт» мамандығы, 05202-топ) **әл-Фараби атындағы шәкіртақы иегері** атанды. Студенттерімізді қол жеткізген жетістіктерімен құттықтай отырып, факультет намысын қолдан бермей, университет абыройын арттыруға шақырамыз.




Педагогика факультетінің ғылыми кеңесі

■ Жантану иірімі

Өз мінезіңізді білудің қарапайым бір жолы - таза параққа ағаш суретін салу. Оны қалай саласыз, өз еркіңіз. Мәселе сіз салған суреттің әдемілігінде емес, оның нені білдіретіндігінде. Сондықтан да салған суретіңізден қысылмай-ақ қойыңыз. Сонымен өзіңіз салған суретіңізді мына суретпен салыстырып көріңіз, қайсысына ұқсайды.

Ағашыңыз қандай болса, мінезіңіз де сондай



1. Тез қозу энергиясы, жан-жақтылық сіздің өміріңіздің бір белгісі. Сіз көңілсіз, арманшылсыз. Сіздің тез қозатындығыңыз, қатты энтузиазміңіз кейде өзіңізді ыңғайсыз жағдайға қалдырады. Сондықтан да әрекет етпес бұрын ойланап алыңыз.

2. Өте сезімтал адамсыз, сіз әрдайым да жүрегіңіздің әмірімен әрекет еткіңіз келеді. Өз мәселелеріңізді өзіңіз шешкіңіз келеді. Сондықтан да ылғи өз-өзіңізді бақытсыз сезініп, алаңдап жүресіз. Сондықтан таңдау мәселесінде ақылға жүгініңіз.

3. Сіз өзіңіздің адамгершілігіңізге қатты мән бересіз, атаққұмарсыз. Бірақ бұл жаман емес. Өйткені, сіздің үлкен мақсаттарыңызға негізделген. Сіз жетістіктерге жету үшін айналаңызға зардап жасағыңыз келмейді.

4. Сіз салмақты, байсалды адамсыз. Сондықтан шешім қабылдауда әділ болғыңыз келеді. Алайда өз ойыңызды сөзбен жеткізер кезде өз идеяңызды қорқынышсыз сезінгеніңіз дұрыс.

5. Сізді айналаңыз өз-өзіне сенімді және сенгіш адам деп қабылдайды. Сіз басқалардан қолдау күтесіз. Бірақ, бұны білдірткіңіз келмейді. Сол үшін айналаңызға басқаларда шаруасы жоқ адам болып көрінуге тырысасыз. Жақын жолдастарыңызға сене біліңіз.

6. Сіз өмірді сүйесіз. Сіздің іс-әрекетіңізді алдын-ала жоспарлау мүмкін емес. Ойыңызға не келсе, соны айтасыз. Бұл мінездің өзіңізге ұқсамайтын жұмбақ, әсершіл адамдар арасында өзіңізді ыңғайсыз жағдайға қалдыратынын ескеріңіз. Сондықтан да төртіпке бағынып, өз сөзіңізге мән беріңіз.

7. Сіз толысқан тұлғасыз. Сіз жас болғаныңызбен өте тәртіпті, жауапты, өз-өзіне жөне айналасындағыларға сынмен қарайтын адамсыз. Сіздің жолдастарыңыз бен туысқандарыңыз сізге ұқсағысы келмейді. Бірақ, бұл сіздің өз-өзіңізге деген сенімділігіңізге сызат түсірмейді.

8. Сізге керектіңіз бәрі жаныңызда. Дипломат ретінде сіз адамдарды қабылдай білесіз, оларға қолдау да көрсетесіз. Сіз үшін өмір дегеніңіз - мәңгілік көктем. Қарапайым болғанды қалайсыз және басқалардың сіздің өміріңізге араласқанын қаламайсыз. Өзіңіздің нәзік қалпыңызды сақтай біліңіз. Байсалды және сенімді әрекет етіңіз. Жоқ деп айтуға дағдыланыңыз.

9. Сіз бейбітшіл де табанды адамсыз. Сіздің өз жолыңыз бар. Жан-жағыңызға сыр шашқанды ұнатпайсыз. Мақсатыңызға тіке тартасыз. Сіз туралы жаныңыздағылар эгоист, адамдарға билік жүргізуге, таптап өтуге құмар деп ойлайды. Сондықтан да шамалы болса да жұмсаруға тырысыңыз.

10. Қорғау - сіз үшін негізгі сөз. Сіз үшін ең бастысы - бақытты отбасы. Өз махаббатыңызды білдіре алатын махаббат Отаны. Сіздің нәзік сезіміңіздің қайтарымына өзіңізді қорғап жүргенді қалайсыз. Соншалықты тәуелді болмауға тырысыңыз. Өз қанатыңызбен ұшуды үйреніңіз.

Әзірлеген: Венера ЕРБОЛАТҚЫЗЫ, 06301-топ

«Тағылым» жаршысын әзірлеуші жауапты редактор – Мөлдір Нұрмұханбетова, 06106-топ студенті,



Салауатты өмір салты

№2(4), ақпан, 2012 жыл

Дені сау адам - табиғаттың ең қызық жемісі * Әз-ауған тәлім - ақылмен

■ Из страницы истории факультета

Физическое воспитание молодёжи: исторический опыт



Зарождение и последующее развитие физической культуры обусловлено историей развития общества и общественных отношений, в Казахстане это можно отнести к глубокой древности. Так, при раскопках древнего поселения (III-IV в.в. до н.э.) были найдены доски для тогызкумалака и фигурки для игры, а также их изображения на древних наскальных рисунках. А в урочище Тамгалытыс (близ Алматы) были обнаружены наскальные рисунки лучников и всадников.

Английские купцы Томпсон и Гога, немецкий этнограф Паллас, греческий географ Георги, шведский ботаник Фальк посетившие территорию Казахстана в XVIII веке, описывая быт и жизнь казахов, отмечали, что казахи уделяли большое внимание физическому воспитанию.

Древнейшими видами спорта, окончательно оформившимися в тот период, были казакша курес (поясничная борьба), аламан байга (скачки на длинные и сверхдлинные дистанции), кумис алу (поднимание с земли на полном скаку различных мелких предметов), жамбы ату (стрельбы из лука в цель), саыс (фехтование на копьях и пиках), кыз куу (догони девушку), коқпар и шовген (конное поло). Популярными среди кочевников тогызкумалак и игра с использованием астрагалов животных — асык (альчики), виды единоборств: жудырыктасу (кулачный бой), аударыспак (единоборство всадников).

